



ГАЗЕТКЕ ОНЛАЙН
ЖАЗЫЛУ

e-mail: aikyn.kz.gazeti@gmail.com
www.facebook.com/aikyn.kz
@aikyngazeti
www.aikyn.kz



ПРЕЗИДЕНТ БЕЙБІТШІЛІК КЕҢЕСІНІҢ ЖАРҒЫСЫНА ҚОЛ ҚОЙДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Швейцарияның Давос қаласында АҚШ Президенті Дональд Трамптың бастамасымен құрылған Бейбітшілік кеңесінің Жарғысына қол қойды.

Қол қою рәсіміне Қазақстан Президентінен басқа 18 елдің басшылары мен өкілдері қатысты.

Қасым-Жомарт Тоқаев Давос форумында таратылған «Президент Дональд Трамптың 365 күн ішіндегі 365 жеңісі» деп аталатын ресми құжаттың 177-тармағында Қазақстанның Ибраһим келісімдеріне қосылғаны жетістік ретінде көрсетілгеніне назар аударды.

Бұдан бөлек, Президент Америка көшбасшысына ақыл-парасатқа негізделген ішкі саясатты жүзеге асыруда табыс тіледі.

Дональд Трамп Бейбітшілік кеңесін құру туралы бастамасына колдау көрсеткені үшін Қасым-Жомарт Тоқаевқа алғыс айтты.

Сонымен қатар Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Давоста Армения Президенті Вагн Хачатурянмен, Премьер-министр Никол Пашинянмен, Индонезия Президенті Прабово Субиантомен, Жаһандық өзгерістер институтының атқарушы төрағасы Тони Блэрмен, АҚШ Сауда министрі Говард Латникпен және ФИФА президенті Джанни Инфантиномен азкем әңгімелесті.

АУЫЗСУМЕН ҚАМТУДАҒЫ ӘЛЕУЕТ



Халық санының және жалпы экономиканың өсуімен бірге елімізде су тұтыну көлемі де ұлғая береді. Сондықтан таза ауызсу мәселесінің өзектілігі де күн өткен сайын арта түспек. Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша қалалар мен ауылдарды сумен жабдықтау жобаларын жүзеге асыру аяқталды. Дегенмен ауызсумен қамтамасыз ету – үздіксіз жүретін процесс. Сол себепті барлық жауапты мемлекеттік орган бұл мәселені тұрақты бақылауда ұстауы қажет.

→ 8

ЦИФРЛЫҚ ҚЫЗМЕТ: ЖАҢА ДӘУІР



Біз eGov Mobile мобильді қосымшасы арқылы алынған қызметтер санының жыл сайын тұрақты өсіп отырғанын байқап отырмыз, бұл атқарылған жұмыстың тиімділігін көрсетеді. Сондай-ақ «Цифрлық құжаттар» құралы қазақстандықтардың күнделікті өмірінде қалыпты әрі кеңінен қолданылатын сервиске айналғанын атап өткім келеді. Қазір олардың саны 39-ға жетті, оның ішінде жеке куәлік, жүргізуші куәлігі, студенттік билет және басқа да әлеуметтік маңызы бар құжаттар бар.

→ 9

АҚОРДА

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қысқы Олимпиада ойындары мен Паралимпиадаға қатысатын ұлттық құрама мүшелеріне Мемлекеттік туды тапсырды.

СПОРТШЫЛАРҒА МЕМЛЕКЕТТІК ТУ ТАБЫСТАЛДЫ



Президент дүниежүзінің ең мықты спортшылары бәс сынайтын Италиядағы XXV Қысқы Олимпиада ойындары мен XIV Қысқы Паралимпиаданы айрықша маңызды оқиға деп атады.

— Олимпиада ойындарына 40-қа жуық спортшымыз қатысады. Олар спорттың 10 түрінен жарысқа түседі. Ұлттық құрама мүшелерінің жартысынан көбі Олимпиадаға алғаш рет бара жатыр. Жаһандық бәсеке сіздер үшін зор мүмкіндік әрі үлкен сынақ болмақ. Қысқы Олимпиадаға жолдама алу үшін спортшыларымыз көптеген белестен өтті. Түрлі халықаралық жарыста табысты өнер көрсетіп, 17 алтын, 31 күміс және 21 қола медальға ие болды. Сонымен бірге біз Паралимпиада ойындарында ел абыройын қорғайтын спортшыларымызға зор сенім артамыз. Паралимпиадашылардың ерекше құлшынысы және мықты ерік-жігері көпке үлгі. Наурыз айының басында Италияда өтетін Паралимпиада ойындарына әзірге 10 лицензия алдық. Лицензия саны әлі де көбеюі мүмкін, — деді Президент.

Мемлекет басшысы төрт жылда бір өтетін байрақты бәсекеге қазақстандық спортшылар тыңғылықты дайындалғанына тоқталып, Қысқы Олимпиада және Паралимпиада ойындарында шын мықтылар күш сынасатынын айтты.

— Әрине, спортта жеңісті болжау мүмкін емес. Бірақ Сіздер қатаң іріктеулерден сүрінбей өтіп, Қазақстанның олимпиадалық құрамасына мүше болдыңыздар. Осының өзі, Сіздердің әлеуеттеріңізді, жеңіске деген ұмтылыстарыңызды танытады. Тәуелсіздік алған уақыттан бері спортшыларымыз Қысқы Олимпиада ойындарында шеберлік танытып, бірнеше мәрте жеңіс тұғырынан көріне білді. Владимир Смирнов, Людмила Прокашева, Елена

Хрусталева, Денис Тен, Юлия Галышева сияқты Олимпиада жүлдегерлерінің есімдері отандық спорт тарихына алтын әріптермен жазылды. Әлемдік спорттағы ірі аренадарда топ жарған отандық атлеттердің құрметіне талай рет Әнұран шырықалып, еліміздің Туы көкте желбіреді. Алдағы уақытта да жарқын жеңістер күтіп тұрғанына сенімдімін. Жақында Ұлттық құрылтай отырысында атап өткенімдей, спорттағы жетістіктер тұтас еліміздің мәртебесін көтеріп, жалпыұлттық бірлікті және Қазақстан Республикасының қазіргі әлемдегі беделін нығайтады, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент намысты қолдан бермеген спортшыларымыз талай бәсекеде топ жарып, еліміздің мерейін асырып, нағыз жасампаз отаншылдықтың үлгісін көрсетіп жүргенін атап өтті.

— Әр азаматымыздың жетістігі — Қазақстанның жетістігі. Әр спортшының абыройы — барша қазақтың беделі. Жеңіске жету үшін талап пен табандылық керек. Сіздер шеберліктеріңізді шындап, аянбай еңбек еттіңіздер. Соның арқасында дүбірлі додаға қатысуға мүмкіндік алдыңыздар. Олимпиада чемпионы болу — әр спортшының арманы. Осы мақсатқа бір табан жакын тұрсыздар. «Ел сенімі — ерге жүк» дейді халқымыз. Баптарыңыз және бактарыңыз қатар шауып, жүлдемен келесіздер деп сенемін. Барша халқымыз Сіздерге жанкүйер, тілекші болады. Бәріңізге сәттілік, жеңіс тілеймін! Көк Туымыз әрдайым биікте желбірей берсін! — деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын Ұлттық құраманың мүшелері Денис Никиша мен Аяулым Әмреноваға және Қазақстан паралимпиадалық команда-сының мүшесі Ербол Хамитовқа табыстады.

24 ҚАҢТАР 2026 | СЕНБІ

ӘДІЛЕТТІ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЖАҢА КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ МОДЕЛІ ҰСЫНЫЛДЫ



Парламент Сенатының Спикері Мәулен Әшімбаевтың төрағалығымен палата отырысы өтті. Онда сенаторлар Ұлттық құрылтайдың V отырысында Мемлекет басшысы белгілеп берген басымдықтарды іске асыру барысын талқылап, күн тәртібіне шығарылған халықаралық келісімдерді ратификациялады.

Мәулен Әшімбаев атап өткендей, Мемлекет басшысы Қызылордада өткен Ұлттық құрылтайда Әділетті Қазақстанның жаңа конституциялық моделін айқындап берді. Елдің болашағына ықпал ететін реформаларды сапалы іске асыру және заңнамалық тұрғыда қамтамасыз ету кешенді тәсілді, барлық мүдделі тараптың жүйелі әрі сындарлы өзара іс-қимылын, соның ішінде тиісті заңдарды уақтылы қабылдауды қажет етеді.

«Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық құрылтайдың отырысында еліміздің саяси жүйесін одан әрі дамытуға арналған маңызды бастамаларды ұсынып, алдағы бағыт-бағдарды айқындап берді. Конституциялық және парламенттік реформаға қатысты нақты ұсыныстар айтылды. Атап айтқанда, Мемлекет басшысы болашақ Парламенттің атауы, құрылымы және өкілеттігі бойынша пікір білдірді. Сондай-ақ қоғамдық-саяси және мемлекеттік институттарды реформалауды көздейтін ұсыныстарын жариялады. Олардың қатарында Халық Кеңесі және Вице-Президент сияқты жаңа институттар бар. Осылайша, Ұлттық құрылтайда Әділетті Қазақстанның жаңа конституциялық моделі айқындалды деп айтуға толық негіз бар. Мемлекет басшысы конституциялық реформа арқылы мемлекеттіліктің жаңа келбетін белгілеп берді. Алдағы уақытта Сенат депутаттары барлық мүдделі тараппен бірлесіп, Президентіміздің бастамаларын іске асыруды заңнамалық тұрғыда уақытылы әрі сапалы қамтамасыз ету бағытындағы жұмысын жалғастыра береді», — деді Сенат Төрағасы.

Палата отырысында депутаттар «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Француз Республикасының Үкіметі арасындағы адамдарды

реадмиссиялау туралы келісімді ратификациялау туралы» заңды қарап, мақұлдады. Талқылау кезінде аталған Келісімді іске асыру, Қазақстан Республикасының ұлттық мүдделері мен халықаралық ынтымақтастық қағидаттарына сай келетін тұрақты, қауіпсіз және сындарлы көші-кон жүйесін қалыптастыруға ықпал ететіні айтылды.

«Қаралған келісім екі ел арасындағы заңсыз көші-конға қарсы шаралар қабылдау мақсатымен әзірленген. Осы құжат арқылы реадмиссияның құқықтық негіздері мен шарттары айқындалып отыр. Келісімді ратификациялау тараптардың құзыретті органдарының көші-кон саласындағы ынтымақтастығын арттыруды көздейді», — деді Мәулен Әшімбаев.

Сонымен қатар сенаторлар «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Моңғолия Үкіметі арасындағы зейнетақы саласындағы ынтымақтастық туралы келісімді ратификациялау туралы» заңды қарады.

«Мақұлданған заң Қазақстан мен Моңғолияның зейнетақы саласындағы ынтымақтастығын дамытуды көздейді. Атап айтқанда, азаматтарымызға бір елден екінші елге көшкенде зейнетақы төлемдерін тағайындау және төлеу, еңбек өтілін тану бөлігінде құзыретті органдардың ақпарат алмасу тетіктері қарастырылды. Жалпы, бұл келісімнің жүзеге асырылуы елдеріміздің достыққа негізделген қарым-қатынастарын және азаматтардың әлеуметтік кепілдіктері мен құқықтарын нығайтуға оң ықпалын тигізеді деп сенеміз», — деді Мәулен Әшімбаев.

Келісім азаматтарға ынтымақты зейнетақы тағайындау бөлігіндегі қатынастарды реттейді және әскери қызмет, жоғары және орта арнаулы

білім беру ұйымдарында оқу кезеңдеріндегі еңбек өтілін өзара есепке алуды қарастырады. Сондай-ақ заң нормаларына сәйкес, зейнетақылардың жинақталған бөлігін Қазақстаннан экспорттау жөніндегі Қазақстан мен Моңғолия арасындағы ынтымақтастықтың жаңа түрі назарға алынды.

Отырыс барысында Сенаттың бірқатар депутаты «Алатау қаласының арнаулы мәртебесі туралы» Конституциялық заңының жобасы бойынша Қазақстан Республикасы Парламенті палаталарының бірлескен комиссиясының құрамына сайланды. Олар — Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетінің хатшысы Евгений Больгерт, Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитетінің хатшысы Серік Шайдаров және Қаржы және бюджет комитетінің мүшесі Бекболат Орынбеков. Осы ретте Бекболат Орынбеков қосымша баяндамашы болып белгіленгенін атап өткен жөн.

Сондай-ақ сенаторлар өзекті мәселелер жөнінде өздерінің депутаттық сауалдарын жолдады.

Закиржан Кузиев «Ауыл шаруашылығы және биоресурстар» және «Ветеринария» бағыттары бойынша гранттар санын көбейту қажет екенін айтты. Сенатордың сөзіне қарағанда, бұл — ұлттық және азық-түлік қауіпсіздігін, сондай-ақ елдің жалпы әлеуметтік тұрақтылығын қамтамасыз ету бағытындағы маңызды қадам.

Бекболат Орынбеков «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ арқылы кредиттер бойынша пайыздық мөлшерлемелерді субсидиялауды қайта қарау бауу жүргізіліп жатқанын және шаруалар үшін қолайлы нәтиже бермей отырғанын тілге тиек етті. Осыған байланысты ол аграрлық сектордағы ахуалды тұрақтандыру үшін бірқатар нақты ұсыныс айтты.

Амангелді Нұрманов мемлекеттік шекараны қорғауды қамтамасыз ету сапасына қатысты мәселені қозғады. Депутат тоқталған басымдықтардың қатарында Қырғызстан, Ресей, Өзбекстан және Түрікменстанмен мемлекеттік шекараның жекелеген учаскелерінде шекара белдеуінің енін 1000 метрге дейін ұлғайту туралы ұсыныс бар.

Сәкен Арубаев жайылым жердің жетіспеушілігін ескере отырып, елді мекендерден алыс жерлерге түгендеу жүргізу үшін Арнайы мемлекеттік бағдарлама әзірлеп, қабылдауды ұсынды. Оларды ауыл шаруашылығы айналымына тарту үшін қажетті инфрақұрылымды дамыту ісін қаржылай қолдау шаралары проблеманы шешуге ықпал етуге тиіс.

Бекбол Орынбасаров ақын Сәтінғұл Жанғабылұлының 150 жылдық мерейтойын 2026 жылға арналған жалпы республикалық мерейтойлар тізіміне енгізуді ұсынды.

ЭНЕРГИЯ КӨЗДЕРІ ТУРАЛЫ ЗАҢДЫ ҚАРАЙДЫ

Мәжіліс Спикері Ерлан Қошановтың төрағалығымен өткен бюро отырысында палатаның алдағы жалпы отырысының күн тәртібінің жобасы нақтыланды.



Депутаттарға 2024 жылғы 12 қарашада Бакуде қол қойылған Қазақстан мен Қытай Үкіметтері арасындағы жанартылатын энергия көздері саласындағы жобаларды іске асыру туралы келісімді қарау ұсынылады. Бұл құжат аясында Қарағанды, Түркістан және Павлодар облыстарында жалпы қуатты 1,8 ГВт болатын үш жел және бір күн электр стансасын салу қарастырылған.

Сонымен қатар депутаттардың талқылауына 2024 жылғы 6 қарашада Бішкекте қол қойылған Түркі мемлекеттері ұйымының Азаматтық қорғау тетігін құру туралы келісім енгізіледі. Жаңа тетік халықаралық ұйым форматында жұмыс істейтін болады. Ол ұйымға мүше елдер мен байқаушы мемлекеттердің аумағында да, басқа елдерде де дүлей зілзалалар мен төтенше жағдайларға ден қоюдың бірлескен қағидаларын әзірлеуге, сондай-ақ құтқару бөлімшелерінің кәсіптік даярлық деңгейін арттыруға бағытталған. Механизмнің әкімшілік құрылымына Министрлер кеңесі мен Хатшылық кіреді.

Бұдан бөлек, 1994 жылғы 15 сәуірдегі Дүниежүзілік сауда ұйымын құру туралы Марракеш келісіміне Қазақстан Республикасының қосылуы туралы хаттамаға қосымша болып табылатын Көрсетілетін қызметтер бойынша Қазақстан Республикасының ерекше міндеттемелерінің тізбесіне өзгерістерді ратификациялау туралы заң жобасы жұмысқа алынады.

МЕМЛЕКЕТТІК САЯСАТ – ҚОҒАМДЫҚ БІРЛІКТІҢ НЕГІЗІ



Мемлекеттік кеңесші Ерлан Қарин Астанадағы Достық үйінде республикалық этномәдени бірлестіктердің жетекшілерімен кездесті.

Кездесуде Ұлттық құрылтайдың V отырысында айтылған бастамалар мен этномәдени бірлестіктердің елдегі саяси жаңғырудың негізгі бағыттарын іске асыруға қатысу мәселелері талқыланды.

Мемлекеттік кеңесші жүргізіліп жатқан конституциялық реформаның еліміздің орнықты дамуында маңызы зор екенін атап өтті. Ерлан Қариннің айтуынша, мемлекеттік саясаттың «Бірлігіміз — әралуандықта» мызғымас қағидаты қоғамдық бірліктің негізі болып саналады.

Этномәдени бірлестіктердің өкілдері Мемлекет басшысының мәдени-гуманитарлық, әлеуметтік-экономикалық және саяси бағыттағы бастамалары мен шешімдері, сондай-ақ Құрылтайдың V отырысында айтылған ұсыныстар ел дамуының жаңа кезеңіне қатысты тұтас көзқарасты қалыптастыратынын жеткізді.

Этномәдени бірлестіктердің жетекшілері Президент бастамаларын қолдайтындарын білдіріп, алдағы реформаларды іске асыруға белсенді түрде қатысуға дайын екендерін айтты.

Бетті дайындаған М.ТӨЛЕУ

БАҒДАР

24 ҚАҢТАР 2026 | СЕНБІ

TURGYNDAR AMANATY

ЖОБАСЫ БАСТАУ АЛДЫ

Қала тұрғындарының жайлылығы, ең алдымен өз үйінің ауласынан басталады. Азаматтардың тұрғылықты жерін көркейту ісіне белсене қатысуы үшін «AMANAT» партиясы еліміз бойынша TURGYNDAR AMANATY жобасын іске қосуда. Бұл бастама қазақстандықтарға қолайлы әрі қауіпсіз ортаны бірлесе қалыптастыруға мүмкіндік береді.



TURGYNDAR AMANATY жобасы қаланың тыныс-тіршілік ортасын заманауи, қауіпсіз әрі жайлы етуге бағытталған. Мұнда тұрғындар өз ауласын көркейту ісіне тікелей атсалыса алады. Жоба маңызды мақсатқа негізделген — тұрғындар мен Мүлік иелері бірлестігіне (МИБ) үй мен аула мәселелерін шешуде қолдау көрсету. Яғни, инженерлік желілерді жаңарту, қызмет көрсету мен басқару сапасын арттыру, ортақ мүлікті жөндеу, шешімдер мен төлемдердің ашықтығын қамтамасыз ету, сондай-ақ меншік иелерінің құқықтық сауаттылығын арттыру сынды тұрғындардың жайлы әрі қауіпсіз өмір сүруіне бағытталған шараларды жүзеге асыру — жобаның басты назарында.

Быттыр Астанада TURGYNDAR AMANATY жобасы пилоттық режимде іске қосылды. Жоба аясында 707 МИБ және ПИК төрағалары OSIskills семинарлары шеңберінде практикалық оқудан өтті. Оған коммуналдық қызметтер өкілдері қатысып, қолданыстағы заңнама бойынша түсіндірме берді. Қатысушылар ортақ мүлікті ашық әрі тиімді басқаруға қажетті дағдыларды меңгеріп, басқарушылық құзыреттерін арттырды.

Сонымен қатар көппәтерлі тұрғын үйлердің ауласында сенбіліктер ұйымдастырылып, ағаштар отырғызылды. Бұдан бөлек, балаларға арналған ойын және спорт алаңдары пайдалануға беріліп, онда спорттық іс-шаралар өткізілді. Сондай-ақ бірмандатты округтерден сайланған мәслихат депутаттарының тұрғындармен есептік кездесулері ұйымдастырылды.

Жобаны іске асыру арқылы елордада тұрғындар, МИБ пен ПИК, депутаттар және қалалық қызметтер арасында кешенді әрі тиімді өзара іс-қимыл моделі қалыптасты. Атқарылған жұмыстар тұрғындардың белсенділігін арттырып, қала тіршілігінде нақты өзгерістерге жол ашты, сондай-ақ басқару жүйесіне деген сенімді күшейтті. Бұл нәтижелер жобаның практикалық тиімділігін дәлелдеп, оны өңірлерге кезек-кезеңімен енгізу қажеттігін айқындады. Осылайша, бастама Қарағанды облысында өз жалғасын тапты.

Қарағандыда TURGYNDAR AMANATY партиялық жобасы аясында алғашқы форум-семинар өтті. Іс-шараға Қарағанды облысының әкімі Ермағанбет Бөлекпаев, «AMANAT» партиясының Хатшысы Александр Данилов, Парламент Мәжілісінің депутаттары, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшелері Бауыржан Смағұлов пен Құдайберген Бексұлтанов, Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің өкілдері, Мүлік иелері бірлестіктері (МИБ) және өзге де азаматтар қатысты.

Жиында сөз сөйлеген «AMANAT» партиясының Хатшысы Александр Данилов тұрғындар мен жауапты құрылымдар арасында тиімді диалог орната отырып, тұрғындардың жайлы өмір сүруіне нақты жағдай жасау және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы бастамаларын қолдау жобаның негізгі мақсаты екенін атап өтті.

«TURGYNDAR AMANATY жобасы тұрғындардың күнделікті өмірінде көрініс табатын нақты нәтижелерге бағытталған. Атап айтқанда, ауладағы тазалық пен тәртіп, жауапты органдармен ашық әрі түсінікті диалог, тұрғын үй мәселелерін оңтайлы шешуге жұмыстану, сондай-ақ тұрғындардың аула инфрақұрылымын жақсарту

бойынша бастамаларын қолдау. Мұндай жобалар қала қолайлығын қамтамасыз етуге бағытталған тұрақты механизм ретінде маңызды. Олар әлеуметтік шиеленісті азайтып, адамдарға нақты шешім алуға көмектеседі», — деді ол.

«AMANAT» партиясы TURGYNDAR AMANATY жобасын тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласына қатысты қоғамның жоғары сұранысын ескере отырып жүзеге асыруда. Партияның қоғамдық қабылдауларында азаматтар МИБ жұмысы, аулаларды абаттандыру, коммуналдық қызметтердің сапасы және үйлерді басқару мәселелері бойынша жиі өтініш-тілектерін білдіреді. Осы орайда партия заңнаманы түсіндіру, Мүлік иелері бірлестіктері төрағаларын және белсенді тұрғындарды оқыту мен қолдау ісін жүйелі түрде жүргізуде.

Қарағанды облысының әкімі Ермағанбет Бөлекпаев көппәтерлі тұрғын үйлерді басқару мәселесі азаматтардың тұрмысын қолайлы етуге тікелей ықпал ететінін атап өтіп, бұл ретте билік пен меншік иелері арасында тұрақты диалог орнату қажет екенін мәлімдеді.

«Көппәтерлі тұрғын үйлерді басқару — ең алдымен тұрғындардың күнделікті жайлылығы мен тұрмыс сапасына қатысты мәселе. Біз тұрғындардың түсінікті ережелерге, ашық шешімдерге және өз ойларын жеткізу мүмкіндігіне деген сұранысын көріп отырмыз. Биліктің міндеті — осындай жүйенің тұрақты әрі меншік иелерінің мүддесіне сай қызмет етуін қамтамасыз ету. Облыс әкімдігі бұл бағытта жүйелі түрде жұмыс істеп, тұрғындармен диалог құрып, тиімді басқару форматына өтуге көмек көрсетуде», — деді Ермағанбет Бөлекпаев.

Іс-шара барысында Қарағанды облысындағы энергия үнемдеу мәселесі және оның қазіргі ахуалы мен даму перспективасы, сондай-ақ «Тұрғын үй қатынастары туралы» заңға енгізілген негізгі өзгерістер талқыланды. Сондай-ақ МИБ-тің өзін-өзі басқару ісіндегі тиімділігіне, оның практикалық мүмкіндіктеріне және қолданыстағы цифрлық кедергілерге ерекше назар аударылды.

Бұл бастама — «AMANAT» партиясының сайлауалды бағдарламасындағы міндеттемелерді іске асыру аясындағы жүйелі жұмыстың логикалық жалғасы. Быттыр Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері бойынша заңға қол қойды. Құжатты Мәжілістегі «AMANAT» партиясы фракциясының мүшелері әзірледі. Бұл заң МИБ төрағаларын, ТКШ саласының қызметкерлерін және көппәтерлі үйлердің тұрғындарын қолдау үшін қажетті нормативтік-құқықтық базаны қалыптастырды.

TURGYNDAR AMANATY жобасын еліміздің барлық өңірінде кезек-кезеңімен іске қосу жоспарлануда. Жоба — көппәтерлі тұрғын үйлерді басқару ісінде жауапкершілік мәдениетін дамытудың және азаматтардың тұрмысын жақсартудың негізгі құралы. Оның ауқымын кеңейту аясында тұрғындармен кері байланысты күшейту, цифрлық шешімдерді енгізу, МИБ және ПИК төрағаларының мәртебесін арттыру, сондай-ақ өңірлерде тиімді мәжірибелерді енгізу мақсатында пилоттық режимде аудандық форумдарды өткізу көзделіп отыр.

Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен қолға алынған «Таза Қазақстан» жалпыұлттық экологиялық акциясы елімізде азаматтық және экологиялық мәдениетті қалыптастырудың маңызды бөлігіне айналды. Ұлттық құрылтайдың V отырысында сөйлеген сөзінде Президент «Таза Қазақстан» ұлттық идеологияның ажырамас бөлігі екенін атап өтті. Бұл жай ғана әдемі ұран немесе бірреттік науқан емес, күнделікті жүйелі әрі табанды еңбектің нәтижесі.

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТӘРТІП – БАСТЫ ЖАУАПКЕРШІЛІК

Президент бастамасын дамыту мақсатында «AMANAT» партиясы «Таза бейсенбі» жобасын жүйелі түрде жүзеге асырып келеді. Бүгінде бұл жоба еліміздің барлық өңірін қамтып, қоғамдық кеңістіктерді абаттандырудан бастап, мұқтаж жандарға атаулы көмек көрсетуге дейінгі нақты істер төңірегінде мындаған азаматты біріктіріп отыр.

залауға шамамен 70 адам және 5 дана арнайы техника жұмылдырылды. Қоғамдық орындар мен көшелер тазаланып, құрғақ ағаштар мен өткен жылғы жапырақтар жиналды. Қалалық «AMANAT» партиясы атқарушы хатшысының орынбасары Ербол Байқонысов:

«Бұл бірреттік науқан емес, күнделікті еңбектің нәтижесі. Эколо-



Түркістан облысында «Таза бейсенбі» аясында Ордабасы ауданында Қажымұқан Мұңайтпасұлының мазарына баратын жол тазаланды.

Жол қар мен қоқыстан тазаланды, акцияға партия мүшелері, «Жастар Рухы» жастар канатының өкілдері, әкімдік қызметкерлері, коммуналдық қызметтер және жергілікті тұрғындар қатысты. Ордабасы аудандық «AMANAT» партиясының төрағасы Әлиаскар Бердімұрат:

«Қажымұқан сияқты дарынды тұлғаның ерліктері мен патриоттығы жастар үшін үлгі болуға тиіс. Осындай ізгі істер арқылы біз оларды еңбекқорлыққа, тәртіпке және туған жерге қамқорлыққа баулимыз», — деп атап өтті.

Ақтөбе облысында жоба әлеуметтік бағытта жүзеге асырылды. Қобда ауданында «Таза бейсенбі» акциясы аясында «Жастар Рухы» еріктілері жалғызбасты қарт әйелге көмек көрсетіп, үйінің айналасы мен ауласын қар мен мұздан тазартты. Қобда аудандық «AMANAT» партиясының атқарушы хатшысы Нұргүл Ибраева көмектің бірреттік емес, тұрақты сипатқа ие екенін атап өтті.

Атырау облысы Мақат ауданы Доссор кентінде аудандық «AMANAT» партиясының бастамасымен жаяу жүргінші жолдары, қоғамдық кеңістіктер және кент ішіндегі көшелер қардан тазартылды. Шамамен 20 адам қатысып, арнайы техника пайдаланылып, тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін мұз тазалау жұмыстары жүргізілді.

Шымкент қаласында «Таза бейсенбі» акциясы Қаратау ауданының Нұрсәт шағын ауданында өтті. Та-

гиялық тәртіп — қоғамдағы жауапкершілікті арттырудың маңызды құралы», — деді.

Қарағанды облысы Ә.Бөкейхан атындағы ауданның Сортировка саябағында «AMANAT» партиясының белсенділері, «Жастар Рухы» жастар канатының өкілдері мен аудан тұрғындары қар және жаяу жүргінші жолдарын бұзбай тазалау жұмыстарын жүргізді. Акцияға жиырма шақты адам қатысты.

Қызылорда облысы Жалағаш ауданында «Таза бейсенбі» экологиялық акциясына 50-ден астам адам — мәслихат депутаттары, партия белсенділері және жергілікті тұрғындар қатысты. Іс-шара аясында «Тағзым алаңы» саябағы абаттандырылды. Аудандық «AMANAT» партиясының атқарушы хатшысы Қаншағұл Мұстафаева:

«Таза бейсенбі» — тек қоқыс жинау емес, бұл партияның экологиялық мәдениет пен қоршаған ортаға жауапкершілікті қалыптастыру жолында жасап жатқан нақты қамдамдары», — деді.

Ұлытау облысының Сәтпаев қаласында «Таза Қазақстан» жобасы аясында қатысушылар Бабыр би аллеясын қардан тазалады.

Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай ауданының Ақжар ауылында «Таза бейсенбі» кеңейтілген форматта өтті. Жамбыл саябағы мен Ақжар аллеясы қардан толық тазартылды. Екі арнайы техника қолданылып, 3 тонна қар шығарылды. Іс-шараға партия мүшелері, ұйым, мемлекеттік мекемелер мен жастардың қызметкерлері қатысты.

Елнар ЕЛТАЙ

ҚҰРЫЛТАЙ

24 ҚАҢТАР 2026 | СЕНБІ

САЯСИ ИНСТИТУТТАР ҚҰНДЫЛЫҚТАРҒА НЕГІЗДЕЛЕДІ

Кейінгі жылдары Қазақстан қоғамында ең жиі қойылып жүрген сұрақтардың бірі – біз қандай мемлекет құрып жатырмыз және ол қандай құндылықтарға сүйенуге тиіс деген сауал. Бұл кездейсоқ емес. Өйткені тарих көрсеткендей, мемлекеттің беріктігі тек институттардың санына немесе заңдардың күрделілігіне емес, сол институттарды тірі ететін құндылықтар негізіне тікелей байланысты.

V Ұлттық құрылтайда сөйлеген сөзінде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев: «Әділетті мемлекет – ең алдымен әділетті санаға сүйенген мемлекет» деп атап өтті. Бұл – бүгінгі саяси реформалардың түпкі философиясын ашып беретін тұжырым. Заң үстемдігі тек қағазда емес, санада орныққанда ғана мемлекет пен қоғам арасында шынайы сенім қалыптасады.

«Құндылықтарға негізделген Конституция құру керек», – деп айтып жүрміз. Сонда біз шынымен де ұлттық құндылықтардан ажырап қалдық па? Мен «ажырап қалдық» деп кесіп айтудан гөрі, ұлттық құндылықтар мен мемлекеттік институттардың арасындағы байланыс әлсіреді дер едім. Президент *Turkistan* газетіне берген сұхбатында: «Заң үстемдігі тек қағазда емес, санада орнығуға тиіс» деп өте дәл айтты. Бұл – мәселенің өзегін дөп басқан сөз.

Кейінгі онжылдықтарда біз институционалдық реформаларға көбірек мән бердік. Заң қабылдадық, құрылымдар құрдық, басқару модельдерін өзгерттік. Бірақ сол институттарды өміршең ететін моральдық-этикалық негіз екінші қатарға ысырылды. Нәтижесінде, заң бар, бірақ әділет сезілмейді; норма бар, бірақ сенім әлсіреді. Әлеуметтанулық зерттеулерге сүйенсек, посткеңестік кеңістікте азаматтардың мемлекеттік институттарға сенім деңгейі орта есеппен 30–40 пайыздан аспайды. Бұл – құндылық пен институт арасындағы алшақтықтың нақты көрінісі.

КОНСТИТУЦИЯ – ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚҰЖАТ ҚАНА ЕМЕС, МОРАЛЬДЫҚ КЕЛІСІМ

Әлемдік тәжірибеге карасак, ең тұрақты мемлекеттер Конституцияны тек құқықтық акт ретінде емес, қоғамдық келісімнің моральдық негізі ретінде қабылдайды. Германияның Негізгі заңында адам қадір-қасиеті «бұзылмайтын құндылық» деп бірінші бапта бекітілген. Бұл қағида неміс саяси мәдениетінің өзегіне айналды. Скандинавиялық елдерде Конституция мемлекеттің азамат алдындағы жауапкершілігін де айқындайды. Мысалы, Финляндия Конституциясында



мемлекеттің басты мақсаты азаматтың әлеуетін толық ашуға жағдай жасау деп көрсетілген. Соның нәтижесінде Финляндия бірнеше жыл қатарынан әлемдегі ең бақытты ел атанып келеді.

Президенттің «Жаңа Конституция жазғанмен пара-пар өзгерістер» туралы

тасады. Мемлекет басшысының «Күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» формуласы осыны айқын көрсетеді.

Әлемдік тәжірибеде парламенті, шын мәнінде, ықпалды елдерде депутаттар Үкіметті жасақтауға, бақылауға және қа-

Дамыған елдерде парламент мүшелерінің басым бөлігі – нақты салада тәжірибесі бар адамдар. Канада парламентінде дәрігерлер, экономистер, мұғалімдер, жергілікті басқару саласынан шыққан мамандар көп. Бұл қабылданып жатқан заңдардың өміршең болуына әсер етеді. Қазақстанға да қоғам сұранысын түсінетін, өнімді білетін, бюджетті саралайтын, әлеуметтік саясаттың салдарын болжай алатын депутаттар қажет.

МЕМЛЕКЕТШІЛІК – ПОПУЛИЗМНЕН БАС ТARTY

Президенттің «Мен – мемлекетшілмін» деген сөзі бүгінгі кезеңде айрықша мәнге ие. Мемлекетшілдік – популизмнен бас тарту, қысқамерзімді ұпай үшін емес, ұзақмерзімді болашақ үшін жұмыс істеу. Ахмет Байтұрсынұлының «Ел бүгіншіл, менікі ертең үшін» деген сөзі осы реформалардың рухымен үндес.

Бұл саяси реформалардан біз тез нәтиже емес, дұрыс бағыт күтуіміз керек. Президенттің өзі айтқандай, реформа – марафон. Ең басты нәтиже – мемлекет пен азамат арасындағы сенімнің қалпына келуі. «Бізді естиді», «біздің сұраныс билік назарында» деген сезім пайда болған жерде қоғам да, мемлекет те нығаяды.

Қорытындылай айтқанда, мемлекетті ұстап тұрған – тек институттар мен ережелер емес. Оны ұстап тұрған – құндылықтар, әділетке деген сенім және мемлекетшіл жауапкершілік. Ұлттық құрылтай Қазақстанның дәл осы жолды таңдағанын көрсетті. Бұл – тарихи мүмкіндік. Оны қалай пайдаланамыз – біздің саяси мәдениетімізге, ортақ санамызға және жауапкершілігімізге байланысты.

Бибігүл ЖЕКСЕНБАЙ,
Парламент Сенатының депутаты,
Ұлттық құрылтай төрағасының
орынбасары



айтуы да бекер емес. Бұл – форманы емес, мазмұнды өзгерту қажеттігін білдіреді. Конституциялық комиссия, ең алдымен билік тармақтары арасындағы тепе-теңдік пен жауапкершілікке, адам мен мемлекеттің арақатынасына, жергілікті басқарудың дербестігіне, есептілік пен ашықтық тетіктеріне мән беруге тиіс.

ПАРЛАМЕНТТІК РЕФОРМА ЖӘНЕ САЯСИ МӘДЕНИЕТ

Президент ұсынған парламенттік реформа – еліміздің саяси дамуындағы маңызды кезең. Бірақ Парламенттің өкілеттігін кеңейту оның автоматты түрде тәуелсіз саяси субъектке айналатынын білдірмейді. Тәуелсіздік – тек заңмен берілмейді, ол саяси мәдениетпен қалып-

жет жағдайда таратып жіберуге нақты ықпал етеді. Ұлыбританияда Үкімет аптасына бір рет парламент алдында есеп береді – бұл саяси дәстүрге айналған. Қазақстанда да Парламенттің күші Үкіметпен шынайы пікірталас орнаған кезде ғана сезіледі.

ЖАҢА ПАРЛАМЕНТ – ЖАҢА ЖАУАПКЕРШІЛІК

Президенттің «Парламентте нағыз отаншыл, білікті азаматтар отыруға тиіс» деген сөзі – үлкен талап. Отаншылдық – ұран емес, кәсіби адалдық пен жауапкершілік. Жаңа Парламент эмоциямен емес, дерекпен сөйлейтін, қысқамерзімді танымалдықты емес, ұзақмерзімді ұлттық мүддені ойлайтын орган болуы керек.

ҚҰРЫЛТАЙ

24 ҚАҢТАР 2026 | СЕНБІ

АЛДА АУҚЫМДЫ
ІСТЕР КҮТІП ТҰР

«Қазақстандағы бірлік пен келісімнің бірегей үлгісі конституциялық қағидаттарға негізделген. Елімізде билік пен қоғам арасындағы қарым-қатынастың қалыптасқан дәстүрі бар. Менің мызғымас ұстанымым — осы құндылықтарды сақтап қана қоймай, нығайта түсу қажет», — деді Президент.

Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылғанына былтыр 30 жыл болды. Осы аралықта Ассамблея өзіне жүктелген міндеттерді толық атқарып шықты десек те болады. Елдегі тұрақтылық пен келісімнің нығаюына Ассамблея мүшелері бір кісідей атсалысты. Басында консультативтік-кеңесші орган ретінде құрылған ұйым 2007 жылы конституциялық мәртебе алды. Қоғамдық келісімнің өзінше мәні бар құрылымға айналғаны да елдің көз алдында.

Қазақстандағы этнос өкілдері елде жүріп жатқан өзгерістердің бел ортасында жүрді. Георгий Прокоп, Юрий Пья, Иван Сауэр, Владимир Розметов, Борис Князев, Алина Соловьева, Вадим Басин, Александр Хмелев, Геннадий Зенченко секілді азаматтар қоғамда өте сыйлы.

Президент Ұлттық құрылтайдың V отырысында «реформалардың жаңа кезеңінде қоғам дамуының барлық мәселесіне қатысты тұрақты жалпыұлттық диалог жүргізу үшін ауқымды платформа немесе биік мінбер қажет. Халқымыздың ынтымақ-бірлігін нығайтуға ықпал ететін негізгі қоғамдық-саяси бірлестіктер мен құрылымдар осы платформаға келіп тоғысуға тиіс. Бұл ретте Қазақстан халқы Ассамблеясы мен Ұлттық құрылтайдың тарихи мән-мәні зор әрі айрықша жауапты миссиялары табысты аяқталды деп санауға болады. Енді жаңа институт ретінде Қазақстанның Халық Кеңесін құруды ұсынамын. Ассамблея мен Ұлттық құрылтайдың қазақ мемлекеттілігін және Қазақстан Республикасының тәуелсіздігін дәйекті түрде нығайту сияқты міндеттерін осы жаңа органға жүктей отырып, стратегиялық сабақтастықты сақтап қалу өте маңызды деп санаймын. Сонымен бірге Халық Кеңесі басқа елдердегі консультативті құрылымдардың оң тәжірибелерін

Президент Ұлттық құрылтайдың V отырысында Қазақстанға қоғамдық дамуға қатысты барлық мәселе бойынша жалпыхалықтық диалог өткізу үшін жаңа ауқымды платформа қажет екенін айтты.

ескере отырып құрылатын жаңа мемлекеттік орган болмақ. Оның құрамына барлық этностың, түрлі санаттағы азаматтардың және аймақтардың өкілдері кіреді», — деген ұсыныс жасады.

«Жаңа органның қызметінде қазақ мемлекеттілігін және Қазақстан Республикасының тәуелсіздігін нығайтқан Қазақстан халқы Ассамблеясы мен Ұлттық құрылтай функцияларының стратегиялық сабақтастығын сақтау өте маңызды деп санаймын», — деді Президент. Сонымен қатар Мемлекет басшысы Халық Кеңесі іс жүзінде басқа елдердің консультативтік құрылымдарының тәжірибесін ескеретін жаңа мемлекеттік органға айналатынын айтты. Халық Кеңесіне барлық этнос пен халық топтары мен өңірлерден өкілдер мүше болады.

Қазақстанның Халық Кеңесі елдің ең жоғары консультативтік органы мәртебесіне ие болады. Кеңестің құрамына 126 адам кіреді деп ұсынылып отыр: оның 42-сі этномәдени бірлестіктерден, 42-сі ірі қоғамдық бірлестіктерден және 42-сі мәслихаттар мен аймақтық қоғамдық кеңестерден болады. Халық Кеңесінің барлық мүшесін Президент тағайындайды, ал төрағаны оның мүшелері сайлайды. Халық Кеңесі төрағасының ротациялық негізде тағайындалатын екі орынбасары, сондай-ақ хатшылық менгерушісі болады.

«Халық Кеңесіне заң шығаруға бастамашылық ету құқығы берілуі тиіс. Бұл қадам оның мәртебесін айтарлықтай арттыратыны сөзсіз. Жылына кемінде бір рет шақырылатын сессия Халық Кеңесінің жоғары органы рөлін атқарады. Қазақстан халқы Ассамблеясының этносаралық және конфессияаралық келісім мәселелеріне қатысты негізгі қызметі Кеңеске беріледі. Ішкі саясатты жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеу жаңа органның негізгі міндетінің бірі болмақ. Бұл мекеме мемлекеттік идеологияға қатысты мәселелерді, сондай-ақ Конституцияның және еліміздегі өзге де аса маңызды құжаттардың ережелерін түсіндіріп, насихаттау жұмысымен айналысады. Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съезін, мемлекеттік маңызы бар басқа да гуманитарлық форумдарды өткізу де Кеңестің құзыретіне кіреді. Халық Кеңесінің мәртебесі мен оны құру тәртібі Конституцияның арнайы бөлімімен және конституциялық заңмен реттеледі», — деп бәрін байыптап түсіндірді.

Қазіргі әлемде этномәдениеттердің өзара әрекеттестігі мен өзара ықпалдастығы айрықша

мәнге ие. Жаһандану жағдайында этностардың дамуы үнемі назар аударуды қажет етеді. Осы ретте әлемнің 47 мемлекетіне таралатын «Достық-Дружба» журналы, төрт телеарна, бес телебағдарлама, сегіз радиобағдарлама, тоғыз республикалық басылым, жүзден астам электронды ақпарат құралы достық пен бірліктің насихатшылары болуы тиіс. Ассамблея жанынан құрылған этносаралық қатынастар мәселелері жөніндегі кеңестің жұмысын жандандыру да маңызды.

Бүгінде Қазақстанда этносаралық бірегейлікті сақтай отырып, барлық этностардың тең мәдени дамуы мен өзін-өзі жүзеге асыруын қамтамасыз ететін қағидаттар негізінде этносаралық және мәдениетаралық өзара іс-қимылды жүзеге асыру өте маңызды.

Осы орайда этносаралық тұрақтылықты сақтау мемлекеттік саясаттың негізі екені анық. Ұлтаралық келісімді сақтау, қазақ халқы мен елімізде тұратын этнос өкілдерін өзара құрметтеу үрдісі жалғаса беруі тиіс.

Елдегі ұлттық қатынастарды одан әрі үйлестіру, қоғамдық келісім мен жалпыұлттық бірлік саласындағы мемлекеттік саясатты қамтамасыз ету жөніндегі шаралардың тиімді жүйесін әзірлеу және іске асыруға аса мұқият қараған абзал.

Бұл міндетті шешу үшін қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі мәртебесін кеңінен орнықтыру қажет-ақ. Мемлекет басшысының «Қазақ тілінің мемлекеттік тіл дәрежесіндегі деңгейі көтеріліп келеді. Қазақ тілінің ұлтаралық қатынас тіліне айналатын уақыты келді. Бұл үшін барлығымыз жұмыла әрекет етуіміз қажет», — деген сөзін негізге алып, жұмыла жұмыс істеуіміз керек.

Әр үйдің қандай екенін оның ауласынан, табалдырығынан-ақ байқауға болады. Мемлекет басшысы ұсынған «Таза Қазақстан» акциясы да тап солай. Балаларды жастайынан тазалыққа үйрету күні ертең олардың елге жанашыр, мейірімді, қамқор азамат болып өсуіне тікелей ықпал етеді. Өйткені Президент бірнеше мәрте атап өткендей, бәріміз де Әділетті, Қауіпсіз және Таза Қазақстанда өмір сүргіміз келеді.

Сондықтан Қазақстанның Халық Кеңесі елдің ең жоғары консультативтік органы мәртебесіне ие болатыны айқын. Алда Мемлекет басшысының алға қойған міндеттерін мұлтіксіз орындау күтіп тұр.

Нұрғәлі ЖҮСІП,
сенатор

Қазақстан жаңа тарихи кезеңнің табалдырығында тұр. Бұл — кезекті әкімшілік өзгеріс емес, бұл — мемлекеттің басқару жүйесін түбегейлі жаңғыртатын, болашаққа бағытталған саналы саяси таңдау. Бұл туралы Қызылорда қаласында өткен Ұлттық құрылтайда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев нақты әрі ашық мәлімдеді.

БЕТБҰРЫСҚА БАСҚАН
НЫҚ ҚАДАМ

Құрылтай барысында белгілі болғандай, Қазақстанның саяси архитектурасы жаңадан құрылмақ. Бұл — биліктің формасын ғана емес, оның мазмұнын, жауапкершілігін және халықпен байланысын қайта ойластыру деген сөз.

Бірінші. Вице-президент институты.

Вице-президент — бұл қосымша лауазым немесе формальды орын емес. Бұл — саяси сабақтастықтың, мемлекеттік тұрақтылықтың және жауапкершіліктің институционалдық кепілі.

Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, биліктің тұрақты жұмыс істеуі үшін бір адамға тәуелді модель әрдайым тәуекелге толы. АҚШ, Бразилия, Аргентина, Нигерия сынды елдерде вице-президент институты дәл осы мақсатта енгізілген: күтпеген жағдайда биліктің үзіліссіз жұмысын қамтамасыз ету үшін.

Қазақстан жағдайында да мемлекеттің тағдыры бір ғана тұлғаға немесе тосын жағдайларға байланыбауы тиіс. Сондықтан вице-президент Президенттің шешімімен, бірақ Парламенттің келісімімен тағайындалады. Бұл — атқарушы және өкілді билік арасындағы тепе-теңдіктің, өзара сенім мен жауапкершіліктің көрінісі.

Бұл қадам Қазақстанды тұлғалық басқарудан институционалдық басқаруға қарай бір саты ілгерілетеді.

Екінші. Қоғамдық диалогтың жаңа алаңы — Халық Кеңесі.

Ассамблея мен Ұлттық құрылтай өздерінің тарихи миссиясын адал орындады. Олар күрделі кезеңдерде ел бірлігін сақтауға, қоғамды ұйыстыруға қызмет етті. Алайда уақыт өзгерді, қоғам күрделене түсті.

Енді Қазақстанға тек кеңес беретін емес, пікір қалыптас-

тыратын, қоғамдық жауапкершілік алатын жаңа сападағы алаң қажет.

Халық Кеңесі — дәл осындай платформа болмақ. Бұл — әртүрлі көзқарастың қақтығыс алаңы емес, ортақ мүддені іздейтін ұлттық келісім кеңістігі.

Халықаралық тәжірибеде мұндай органдар бар. Мәселен, Франциядағы Экономикалық, әлеуметтік және экологиялық кеңес немесе Испаниядағы Азаматтық диалог кеңестері билік пен қоғам арасындағы көпір рөлін атқарады. Олар заң шығармайды, бірақ саяси шешімдердің мазмұнына тікелей ықпал етеді.

Қазақстандағы Халық Кеңесі де формальды орган емес, қоғамдық пікірді жүйелеп, билікке нақты сигнал беретін тетікке айналуы тиіс.

Үшінші. Парламенттік реформа және Құрылтай.

Бір палаталы Парламентке көшу — бюрократиялық кедергілерді азайтып, шешім қабылдау процесін жеделдетуге бағытталған қадам. Бұл модель көптеген елде тиімділігін дәлелдеген.

Мәселен, Швеция, Финляндия, Дания, Жаңа Зеландия сынды демократиялық мемлекеттерде бір палаталы Парламент жүйесі жұмыс істейді. Онда депутаттың жеке жауапкершілігі жоғары, ал заң шығару процесі ашық әрі жедел.

Ал Парламентке «Құрылтай» атауын беру — терең символдық әрі саяси мәнге ие. Бұл — қазақ халқының тарихи саяси дәстүрін қазіргі заманғы мемлекетпен ұштастыру әрекеті.

Құрылтай — тек заң қабылдайтын орган емес. Ол халықтың сөзі билікке жететін, ал билік халыққа есеп беретін орын болуы тиіс. Бұл атау мемлекеттің легитимділігі тек Конституциядан ғана емес, халықтық дәстүр мен тарихи жадыдан бастау алатынын көрсетеді.

Яғни, ұсынылып отырған өзгерістер — жекелеген реформалар жиынтығы емес. Бұл — Қазақстанды басқарудың жаңа философиясы.

Қазақстан өзгеріп жатыр.

Жарқынбек АМАНТАЙҰЛЫ,
Парламент Мәжілісінің депутаты,
«AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі

ҚҰРЫЛТАЙ

24 ҚАҢТАР 2026 | СЕНБІ

ҰЛТТЫҚ ҚҰРЫЛТАЙ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ: ҚАЗАҚСТАН ДАМУЫНЫҢ СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒДАР

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ұлттық құрылтайдың V отырысында сөйлеген сөзі – ел дамуының жаңа кезеңіндегі стратегиялық бағдарларды айқындаған, ғылым мен білімге, технологиялық жаңғыруға және ұлттық қауіпсіздікке айрықша мән берген мазмұнды бағдарламалық құжат деуге толық негіз бар. Президент өз сөзінде Қазақстанның орнықты дамуы тікелей ғылымға негізделген экономиканы қалыптастырумен, әлеуметтік-гуманитарлық ойдың жаңғыруымен, жасанды интеллект пен цифрлық технологияларды кеңінен енгізумен, су және энергетикалық ресурстарды тиімді басқарумен, көлік-логистикалық әлеуетті толық іске асырумен тығыз байланысты екенін нақты атап өтті.

Мемлекет басшысы өз сөзінде ғылымның мемлекет саясатында рөлін күшейтуді, оны нақты әлеуметтік-экономикалық міндеттерді шешуге бағыттауды тапсырды. Бұл – соңғы жылдары жүргізіліп жатқан ғылыми саясаттың логикалық жалғасы. Ұлттық ғылым академиясы 2025 жылы дәл осы бағытта бірқатар институционалдық және мазмұндық реформаларды жүзеге асырды. Академия ғылымды басқарудың ашық, қолданбалы және нәтижеге бағдарланған моделін қалыптастыруға көшті.

Академия жанынан ғылым мен өндіріс, ғылым мен мемлекеттік саясат арасындағы байланысты күшейтуге бағытталған жаңа институттар, орталықтар ашылды. Мемлекет басшысының «ғылым қоғамға қызмет етуі тиіс» деген қағидаты Академия қызметінің негізгі ұстанымына айналды.

Ұлттық құрылтайдағы Президент сөзінде қоғамдық сананы жаңғырту, тарихи жады, ұлттық бірегейлік, әлеуметтік тұрақтылық, әділетті қоғам құндылықтары ерекше атап өтілді. Бұл мәселелерді ғылыми тұрғыдан зерделеу – әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдардың тікелей міндеті. Осыған байланысты Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Ұлттық ғылым академиясы жанынан әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар бойынша Координациялық кеңес құру туралы шешім қабылданды. Бұл Кеңес: әлеуметтік және гуманитарлық зерттеулердің басым бағыттарын айқындау; ғылыми тақырыптардың ұсақталуын болдырмау; ұлттық саясатқа, білім беру мен тәрбие жүйесіне ғылыми негізделген ұсыныстар әзірлеу; академиялық және қолданбалы зерттеулердің үйлесімін қамтамасыз ету міндеттерін атқарады.

Президент сөзінде жасанды интеллект пен цифрлық трансформация Қазақстанның жаһандық бәсекеге қабілеттілігінің негізгі факторларының бірі ретінде аталды. Ұлттық ғылым академиясы бұл бағытта 2025 жылы бірқатар стратегиялық жобаны іске асыр-



ды. Академия базасында әлемдегі жетекші ғылыми-инфрақұрылымдық орталықтың бірі – KISTI (Korea Institute of Science and Technology Information) институтымен бірлесіп, AI SilkNet орталығы ашылды. Бұл орталықтың мақсаты – үлкен деректер мен жасанды интеллект негізінде ғылыми-технологиялық даму болжамдарын әзірлеу, ұлттық ғылыми басымдықтарды айқындау, мемлекеттік шешімдерге ғылыми-аналитикалық қолдау көрсету. Сонымен қатар Қытай ғылым академиясымен бірлесіп кеңістіктік-жасанды интеллект зертханасы құрылды. Бұл зертхана геоақпараттық жүйелер, кеңістіктік талдау, қалалар мен өңірлерді цифрлық модельдеу, климат пен табиғи ресурстарды болжау салаларында ғылыми зерттеулер жүргізеді. Бұл бастамалар – Мемлекет басшысының ғылымды цифрландыру, деректерге негізделген басқару жүйесін енгізу жөніндегі тапсырмаларын іске асырудың нақты қадамдары.

Ұлттық құрылтайда көтерілген ең өзекті тақырыптардың бірі – су қауіпсіздігі. Президент су ресурстарын тиімді басқару, трансшекаралық өзендер мәселесін ғылыми негізде шешу қажеттігін ерекше атап өтті. Ұлттық ғылым академиясы бұл бағытта 2025 жылы Германияның жетекші ғылыми орталықтарының бірімен бірлесіп NEXUS институтын іске қосты. Институт: су–энергия–азық-түлік байланысы (water–energy–food nexus) қағидаты бойынша кешенді зерттеулер жүргізеді; климаттың өзгеруі жағдайында су ресурстарын басқарудың жаңа модельдерін ұсынады; су тапшылығы бар өңірлер үшін ғылыми ұсыныстар әзірлейді. Бұл жұмыстар Мемлекет басшысының су саясатын жаңғырту жөніндегі тапсырмаларын ғылыми тұрғыдан қамтамасыз етуге бағытталған.

Президент өз сөзінде Қазақстанның транзиттік әлеуетін толық іске асырудың маңызын атап өтті. Ұлттық ғылым академиясы көлік саласының еліміздің экономикасы мен қауіпсіздігі үшін қаншалықты маңызды екендігін және бұл салалардағы өзекті мәселелерді заманауи ғы-

лыми әдістермен шешу керектігін жақсы түсінеді. Сондықтан Академия өзі құрылған уақыттан бастап көлік ғылымдарына баса назар аударып, арнайы Көлік ғылымдары секциясын ашып, осы саланың белгілі ғалымдары, сарапшылар жұмыс тобында тәуелсіз сараптамалық ұсыныстарын беріп отыр.

Бытыр сәуір айында Көлік ғылымдары секциясының бастамасымен Ақтау қаласында өңірлік ғылымды дамытуға, оған қоса халықаралық көлік дәліздерінің жұмысқа қабілеттілігін арттырудың ғылыми негіздерін талқылауға арналған Академия төралқасының көшпелі отырысы өткізілді. Сол уақытқа дейінгі Академияның Көлік ғылымдары секциясының жүйелі түрде жүргізіп келген зерттеу-талдау жұмыстарының нәтижелері негізінде еліміздің автожол саласындағы өзекті мәселелер және оларды шешу жолдары ұсынылған сараптамалық хат әзірленіп, құзырлы органдарға жолданды.

Биылғы жылдың басында Академияның басқаруымен Қазақстанда алғаш рет «Көлік ғылымдары және технологиялары институты» құрылды. Институттың негізгі миссиясы – еліміздің көлік жүйесінің тиімді қызмет жасауының ғылыми-техникалық негіздерін жасау. Институт көлік құрылыстарының беріктігі мен ұзақмерзімділігі, жол қозғалысының қауіпсіздігі; көлік жүйесін тиімді басқарудың математикалық және цифрлық модельдерін, беріктігі жоғары және пайдалану мерзімі ұзақ жаңа материалдар мен тиімді жаңа технологиялар, Қазақстанның жаңа жол-климаттық аудандастыруын, көлік құрылымдары мен олардың элементтерінің бұзылуларын ғылыми болжаудың жаңа әдістерін және оларды (бұзылуларды) азайту шараларының кешенін жасаумен айналысатын болады. Бұл бастамалар көлік, логистика, транзит, цифрлық көлік дәліздері, жасыл логистика салаларында ғылыми зерттеулерді жүйелеуге мүмкіндік береді.

Мемлекет басшысының Қазақстанның Авраам келісімдеріне қосылу мүмкіндігі туралы мәлімдемесі аясында АҚШ Ұлттық ғы-

лым академиясы (NASEM) Қазақстан Республикасының қалыптасып келе жатқан ғылыми дипломатия платформасына ықпалдасу әлеуетін бағалауға мүдделілік танытып отыр. Осы тұрғыда АҚШ Ұлттық ғылым академиясы іске асырып жатқан және Авраам келісімдеріне қатысушы елдер арасындағы ғылым, инновация және зерттеулер саласындағы халықаралық ынтымақтастықты дамытуға бағытталған Abraham Accords Science Partnership for Innovation and Research Excellence (AASPIRE) бастамасы айрықша маңызға ие. Аталған бастаманың негізгі мақсаты – саяси уағдаластықтарды ғылыми жетістіктердің, технологиялық серпілістердің және өзара тиімді өңірлік әріптестіктің орнықты экожүйесіне айналдыру.

Қазақстанның AASPIRE бастамасына қатысуы елді Авраам келісімдерінің ғылыми өлшемін кеңейту үдерісіндегі негізгі еуразиялық әріптес ретінде позициялауға мүмкіндік береді. Бұл Қазақстан үшін агротехнологиялар, энергетика, су ресурстарын басқару, стратегиялық маңызы бар пайдалы қазбалар, денсаулық сақтау және ғарыштық зерттеулер сияқты басым бағыттарда ынтымақтастықты тереңдетуге жол ашады. Сонымен қатар АҚШ, Біріккен Араб Әмірліктері және Израильмен ғылыми-технологиялық кооперацияны нығайтуға, инвестициялар тартуға және халықаралық ғылыми байланыстарды кеңейтуге ықпал етеді. Аталған формат Астананың жаһандық ғылыми дипломатиядағы проактивті рөлін айқындап, елдің геосаяси орнықтылығын арттыруға да жағдай жасайды.

Екіжақты өзара іс-қимылды дамытудағы практикалық қадам ретінде 2025 жылғы 19 қарашада Алматы қаласында Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы мен АҚШ Ұлттық ғылым академиясы арасында жұмыс кездесуі өтті. Кездесу қорытындысы бойынша, тараптар ұзақмерзімді ғылыми ынтымақтастықты дамыту жөнінде уағдаласты. Қол жеткізілген келісімдер тұрақты ғылыми іс-шаралар өткізу, бірлескен зерттеу жобаларын қалыптастыру және AASPIRE бастамасын одан әрі институционалдандыру үдерісіне ҰҒА-ның қатысуын көздейді. Атап айтқанда, бастаманың басқару архитектурасы мен басым бағыттарын талқылау 2026 жылғы қаңтарда Абу-Даби қаласында өтетін халықаралық кездесудің күн тәртібіне енгізіледі.

Ұлттық ғылым академиясы Мемлекет басшысының Ұлттық құрылтайдың V отырысында айтқан бастамаларын толық қолдайды және оларды іске асыруға ғылыми қауымдастықтың әлеуеті жеткілікті екенін мәлімдейді. Академия мемлекеттік саясатты ғылыми сараптамамен қамтамасыз ету, стратегиялық реформаларды ғылыми негізде сүйемелдеу, талдау жұмыстарын әрі қарай жалғастырады.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ұлттық құрылтайдағы сөзі ғылым үшін нақты бағдар, ал Ұлттық ғылым академиясы үшін

– жауапты міндеттер жүктейтін стратегиялық үндеу. Академия бұл міндеттерді абыроймен орындап, Қазақстанның зияткерлік, технологиялық және әлеуметтік дамуына үлес қоса береді.

Тарихи сананы жаңғыртуда визуалды жобалардың маңызы зор. Жошы хан туралы көпсериялы фильм – тарихты бұқаралық санаға жеткізудің тиімді құралы. Алайда Мемлекет басшысы атап өткендей, мазмұн тереңдігі – басты талап. Осы тұрғыдан Алтын Орда тарихына арналған халықаралық симпозиум ғылыми қауымдастық үшін маңызды алаң болмақ. Тарих ғылымы дәл осындай халықаралық диалог арқылы дамиды.

Білім, ғылым және жоғары технологияға салынатын инвестиция – адам капиталының сапасын арттырудың басты шарты. Цифрландыру мен жасанды интеллектті ұранға айналдырмай, нақты нәтижемен өлшеу талабы – ғылыми менеджменттің негізгі қағидасы. Бұл жерде ғылымға қойылатын талап та күшейеді: зерттеу нәтижелері нақты саясат пен басқару шешімдеріне әсер етуі тиіс.

Алдағы парламенттік және конституциялық реформалар – саяси ғылым үшін бірегей зерттеу алаңы. Құрылтай атынан Парламентке беру идеясы – тарихи институттарды заманауи саяси жүйемен ұштастырудың тың үлгісі. Мұнда да басты қағида – сан емес, сапа. Бұл – барлық реформаларға ортақ ғылыми тұжырым.

Жалпы құрылтай отырыстарының қорытындысы бойынша, 26 заң мен 13 маңызды құжат қабылданды. Құрылтайда ұсынған бастамалар салалық деңгейде қарастырылып, кезең-кезеңімен жүзеге асырылып жатыр. Құрылтай мүшелері ретінде Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академиктері, жас ғалымдар кеңесінің мүшелері белсенді түрде өзекті мәселелерді көтеріп, өңірлік ғылымды дамыту, ұлттық бірегейлік пен рухани құндылықтар, жас ғалымдардың мәселелері мен ғылыми кадрлар дайындау, ғылым мен қоғам арасындағы байланыс және т.б. берілген нақты ұсыныстар қолдау тауып, хаттамаға еніп, жүзеге асырылуда.

Қорытындылай айтқанда, Ұлттық құрылтайдың V отырысында айтылған ойлар Қазақстанның ғылыми, рухани және саяси дамуының тұтас сипаттамасын көрсетеді. Бұл – ғылым мен мораль, экономика мен мәдениет, саясат пен руханият тоғысқан күрделі, бірақ болашағы зор жол. Ұлттық ғылым академиясы осы жолда зияткерлік тірек, ғылыми навигатор болуға тиіс. Себебі ұлттың болашағы – ең алдымен, оның ойлау деңгейімен өлшенеді.

Ақылбек КҮРІШБАЕВ,
ҚР Президентінің жанындағы
Ұлттық ғылым
академиясының президенті

ҚҰРЫЛТАЙ

24 ҚАҢТАР 2026 | СЕНБІ

Қызылорда қаласында өткен Ұлттық құрылтайдың V отырысында Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев мемлекеттік институттарды жетілдіруге, Парламент жұмысының тиімділігін арттыруға және елдің саяси жүйесін дамытуға бағытталған стратегиялық бастамаларды ұсынды.

Бұған дейін өткізілген пікірталастар парламенттік реформаның және конституциялық өзгерістердің өзекті екенін, олар басқару механизмдерін нығайтып, азаматтардың мемлекеттік органдарға сенімін арттырудың негізгі факторлары екенін көрсетті.

Елімізде жүргізіліп жатқан парламенттік реформа мен Конституцияға сәйкес өзгерістер заң шығару өкілетін жүзеге асыратын жоғары өкілдік органның қызметі тиімділігін арттыруға және мемлекеттік механизмдерді жетілдіруге бағытталған.

Біріншіден, бір палаталы Парламентке көшу заң шығару қызметін ұйымдастыруда елеулі өзгерістерді қажет етеді. Қазіргі қоғамның тез дамуы және цифрландыру мен технологиялық прогреске байланысты жаңа әлеуметтік қатынастардың пайда болу жағдайында мемлекет болып жатқан өзгерістерге жылдам жауап беруге тиіс. Бұл заңдарды әзірлеу және қабылдау арқылы жүзеге асады, себебі олар қолданыстағы заңнама жүйесінің негізін құрайды. Сонымен қатар қазіргі әлемде дағдарыстық және тұрақсыз жағдайлар жиі туындайды, олар жоғары өкілдік орган тарапынан уақытылы және адекватты саяси-құқықтық бағалауды қажет етеді. Осыған байланысты заң шығару процесін жеделдету мен жеңілдету, бюджеттік шығындарды азайту, Парламент қызметінің ашықтығы мен көрнекілігін арттыру ерекше өзектілікке ие.

Екіншіден, Парламенттің толық пропорционалды сайлау жүйесіне көшу халықтың кең әлеуметтік топтарын саяси өмірге тартуға мүмкіндік береді, бұл азаматтардың саяси партияларға кіруі арқылы жүзеге асады. Бұл өз кезегінде қоғамдағы құқықтық және саяси мәдениеттің деңгейіне оң әсерін тигізеді. Дүниежүзілік тәжірибе көрсеткендей, саяси

партиялар азаматтарды саяси мобилизациялаудың негізгі институты және мемлекет билігіне нақты ықпал ету механизмдеріне ие. Партиялық қызмет мектебінен өткен депутаттар, әдетте қажетті кәсіби біліктілікке, саяси белсенділікке ие болып, азаматтардың көпшілігінің мүдделерін қорғай алады.

Үшіншіден, шетелдік тәжірибе бір палаталы Парламентке көшу заманауи халықаралық үрдістерге сәйкес келетінін көрсетеді.

ПАРЛАМЕНТТІК РЕФОРМА ЖӘНЕ БИЛІКТІҢ ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕРІ

Мұндай модельді әлем мемлекеттерінің шамамен екі елі қолданып отыр. Мысалы, бір палаталы парламенттер Швецияда, Данияда, Израильде, Жаңа Зеландияда және бірнеше басқа елдерде жұмыс істейді. Әдетте, мұндай Парламенттер заңдарды қабылдау жылдамдығы жоғары болуымен ерекшеленеді, себебі талқылау және келіскен шешім қабылдау процедурасы бір заң шығару органында шоғырланған. Бұл бюрократиялық кедергілерді азайтып, қоғамның өзекті сұраныстарына жылдам жауап беруге мүмкіндік береді. Алайда Парламенттің тиімділігі тек оның құрылымымен ғана емес, ішкі процедуралары, депутаттардың тәуелсіздігі, биліктің бөлінуі және жалпы саяси мәдениет деңгейімен де анықталады. Сонымен қатар бір палаталы Парламентке көшу Қазақстан Республикасының унитарлық құрылымына әлдеқайда сәйкес келеді.



Төртіншіден, Қазақстанда парламенттік реформаны жүзеге асыруға қажетті құқықтық негіз жасалған. Атап айтқанда, парламенттік оппозицияға қатысты нормалар бекітілген және саяси партиялардың Парламентке өту үшін сайлау шегі 5 пайызға төмендетілген. Бұл шаралар — саяси бәсекелестікті күшейтуге, көппартиялық жүйені дамытуға бағытталған және «Тыңдайтын мемлекет» концепциясының бір бөлігі. Қазіргі Парламентте алты саяси партия өкілдері бар: «AMANAT», Халықтық-демократиялық «Ауыл» партиясы, Respublica партиясы, Қазақстан Халық партиясы, Демократиялық «Ақ жол» партиясы, Жалпыұлттық социал-демократиялық партия.

Бесіншіден, парламенттік реформа «Күшті Президент — ықпалды Парламент — есеп беретін Үкімет» саяси формуласына толық сәйкес келеді. Бұрын жүргізілген реформалармен бірге бұл

өзгерістер жаңа мемлекеттік басқару моделін қалыптастырады. Осы жағдайда Парламент азаматтардың мүддесі мен еркін бейнелейтін институт ретіндегі рөлін толық жүзеге асыра алады. Электораттың қолдауына негізделген көппартиялық жүйені әрі қарай дамыту тиімді.

Алтыншыдан, Парламентке «Құрылтай» атауын беру ұсынысы халықтың менталитеті мен рухани құндылықтарына толық сәйкес келеді, себебі бұл тарихи дәстүрлер мен парламенттік легитимділікті күшейтеді. Сол кезде депутаттардың құрылымын жаңарту және өкілеттіктерін кеңейту Парламенттің тиімділігі мен жауапкершілігін арттыруға бағытталады.

Жетіншіден, Конституцияның кіріспе бөлімін (преамбуласын) жаңарту ұсынысы қолайлы, себебі бұл мемлекеттің қазіргі құндылықтары мен стратегиялық басымдықтарын көрсетуге мүмкіндік береді.

Сегізіншіден, Вице-президент институтын құру ұсынысы уақытылы және рационалды. Бұл конституциялық жаңалық мемлекеттік биліктің тұрақтылығы мен сабақтастығын нығайтуға, Президенттің өкілеттіктерін тиімді іске асыруға бағытталған. Вице-президент институтын құру мемлекет пен Президенттің мүддесін халықаралық және ішкі саясатта өкілдік етуін күшейтеді, бірақ президенттік басқару формасын әлсіретпейді, керісінше, оны толықтырады.

Тоғызыншыдан, Халық Кеңесін құру өте орынды. Оған заң шығарушылық бастама құқығы мен ішкі саясат және қоғамдық келісім мәселелеріндегі негізгі функциялар берілуі халық өкілдігінің рөлін күшейтеді және конституциялық құндылықтарды нығайтады.

Оныншыдан, отбасы мен неке институтын нығайту өте дұрыс. Отбасы ер мен әйелдің ерікті одағы ретінде заңмен бекітілуі негізгі қоғамдық құндылықтарды құқықтық тұрғыдан қорғауды қамтамасыз етеді. Сол кезде сенім бостандығы мен басқа көзқарастар үшін қылмыстық немесе моральдық қудалау жоқ екенін сақтау принципі маңызды.

Осылайша, күшті әрі тиімді бір палаталы Парламент және Конституциядағы басқа да жаңалықтар унитарлық мемлекеттік құрылымды сақтау мен нығайтуға, тұрақты экономиканы дамытуға, көппартиялық саяси жүйені қалыптастыруға, этносаралық және конфессияаралық қатынастарда тұрақтылықты қамтамасыз етуге, сондай-ақ жергілікті өзін-өзі басқару жүйесін күшейтуге қажет. Бір палаталы Парламент құру унитарлық мемлекет табиғатына толық сәйкес келеді және қоғам мен мемлекет дамуының қазіргі кезеңіндегі өзекті сұраныстарға жауап береді. Ендігі кезекте бұл парламенттік реформаның ел азаматтарының көпшілігі тарапынан қолдау табуы күтіледі.

Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ,
ал-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
Басқарма Төрағасы —
Ректоры

БІЛІМ БЕРУДЕГІ БАСЫМ БАҒЫТ



Бүгінде Ұлттық құрылтай қоғамдық бастамаларды жинақтаудың және оларды мемлекеттік саясаттың басымдықтарымен

Қызылордада өткен Ұлттық құрылтайдың V отырысында еліміздің болашағына қатысты маңызды бағыттар талқыланды. Бұл Қазақстандағы мемлекет пен қоғам арасындағы нақты шешімдерді анықтайды.

үйлестірудің тиімді жолы ретінде орнықты. Алдыңғы сессияларда жасалған көптеген ұсыныс заң мен практикалық шараларда көрінісін тапты. Бұл қоғамдық сенімді нығайтады және оларды нақты қажеттіліктеріне бағыттайды.

Сессия барысында барлық негізгі салалар қарастырылды: экономика және аймақтық даму, ішкі және сыртқы саясат, идеология және қоғамдық құндылықтар мәселелері, әлеуметтік сала, тарихи жады мен ұлттық бірегейлікті сақтау. Мұндай ке-

шенді көзқарас, әсіресе жылдам жаһандық өзгерістер жағдайында маңызды.

Мемлекет басшысы қазіргі заман жоғары динамикамен дамып жатқандығын және экономикада, кадрлар даярлауда да дәстүрлі тәсілдерді қайта қарастыруды талап ететінін әділ атап өтті.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев цифрландыру мен жасанды интеллект бейімделу, білім беру және технологияны енгізу мүмкіндігіне ие екендігін атап өтті. Сондықтан Ғылым және жоғары білім министрлігінің үйлестіруімен, соның ішінде AI-Sana бастамасы арқылы студенттер арасында жасанды интеллект пен цифрлық

құзыреттіліктерді дамыту бойынша жүйелі жұмыс басталды.

М.Қозыбаев университеті үшін бұл күн тәртібінің практикалық маңызы зор. Университетте жасанды интеллект орталығы ашылды, сонымен қатар Tomogrow school Сандық зертханасы іске қосылуда. Бұл инновациялар мен оқу, зерттеу нақты әлемдегі қиындықтарды шешуге бағытталған. Біз ауыл шаруашылығы секторын цифрландыруға ерекше назар аударамыз. Ауыл шаруашылығында жасанды интеллектің, деректерді талдауды және цифрлық шешімдерді пайдалану агроөнеркәсіптік кешеннің өнімділігін, тұрақтылығын және бәсекеге қабілеттілігін арттыруға мүмкіндік береді.

Осылайша, біздің университетіміз үшін цифрлық трансформация — нақты білім беру бағдарламалары, қолданбалы зерттеулер және нақты сектормен серіктестік.

Құрылтайда идеологиялық және мәдени күн тәртібіне, «Зан

мен тәртіп», «Адал азамат» және «Қазақстан балалары» бастамаларына, сондай-ақ әділдік, еңбекке құрмет, қоғамдық этика және қауіпсіздік мәселелеріне ерекше назар аударылды. Бұл құндылықтар М.Қозыбаев университетінің білім беру миссиясымен және қоғам алдындағы жауапкершілігімізбен толық үйлеседі. Олар жастарға саналы азаматтық ұстанымды және елдің дамуына қосқан жеке үлестерін бағалауды қалыптастырады.

Мемлекет басшысы атап өткендей, шынайы патриотизм жауапкершіліктен, мемлекетке және құндылықтарға құрметпен қараудан, күнделікті жұмыста қоғам мен елге қызмет етуден басталады. Біз білім беру мен ғылымның дамуына үлес қоса береміз және Қазақстанның болашағы үшін жауапкершілікті өз мойнына алуда дайын, жауапты, патриот азаматтарды тәрбиелейміз.

Ербол ИСАҚАЕВ,
М.Қозыбаев атындағы
Солтүстік Қазақстан
университетінің Басқарма
Төрағасы Ректоры

ҚОҒАМ

24 ҚАҢТАР 2026 | СЕНБАЙ

АУЫЗСУМЕН

қамтитын қажы

ӘЛЕУЕТ

Тапсырма орындалуымен құнды екені даусыз. 2019 жылы Мемлекет басшысы бес жыл ішінде, яғни 2025 жылға қарай Қазақстан халқын 100% таза ауызсумен қамтуды тапсырған еді. Осы міндетті орындау мақсатында іргелі істер атқарылып, талай күрделі мәселе өңірлерде оң шешімін тапты. Енді, міне, 2026 жылдың қаңтарында Үкімет Президенттің сол тапсырмасы жүзеге асырылғанын, еліміздегі барлық қала мен ірі ауыл тұрғындарын ауызсумен қамтамасыз ету жобалары аяқталғанын жариялады.

А Елдос
СЕНБАЙ

ҚАНША АУЫЛҒА СУ КЕЛДІ?

Премьер-министр Олжас Бектенов жуырда өткен арнайы кеңесте Мемлекет басшысының төл сайлауалды бағдарламасында Үкіметтің алдына 5 жыл ішінде елді мекеннің барлығын ауызсумен қамту міндетін қойғанын еске түсірді. Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің мәліметі бойынша, Президенттің тапсырмасы аясында 2025 жылдың соңына дейін халықты ауызсумен толық жабдықтау жұмыстары аяқталыпты. Бүгінде нысаналы көрсеткішке қол жеткізілгені жария етілді: елдегі барлық 90 қала, сондай-ақ 7,5 миллион тұрғыны өмір сүріп жатқан 6 087 ауылдық елді мекен ауызсумен жабдықтаудың орталықтандырылған жүйелеріне қосылды.

Жалпы, ауылдар мен қалаларды толығымен ауызсумен орталықтандырылған түрде қамтамасыз етуге жалпы сомасы қанша қаржы жұмсалғаны белгісіз. Мұны Су ресурстары және ирригация министрлігі (топтық су құбыры және су үнемдеу жобаларына жауапты), Ауыл шаруашылығы министрлігі (сумен қамтамасыз етудің кейбір жобаларына жетекшілік етеді), Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігі (су саласындағы цифрландыруды іске асырады) де айта алмады. Бірақ әңгіме триллиондаған қаржы туралы болып отырса керек. Мәселен, ауызсумен қамту мақсаты белгіленген соңғы үкіметтік бағдарлама «Қуатты өңірлер — ел дамуының драйвері» ұлттық жобасы (2023 жылы күшін жойды) аясында елді сумен қамтуға 635 млрд 614 млн теңге қарастырылыпты.

«Ел ауызсуға толық жарыды» деу ауылдың бәрінде әр үйге құбыр тартылып, шүмек-кран қойылды, сумен жабдықтаудың орталықтандырылған жүйесі іске қосылды дегенді білдірмейді екен. Мысалы, былтыр 224 елді мекенде «инфрақұрылымның шектеулілігі аясында ауызсуды беруді ұйымдастыруға мүмкіндік беретін кешенді блок-модуль» орнатылған. Кейбірінде бірнеше көшеде колонкалар орнатылған. Тұрғындары тым аз ауылдарға суды бұрынғыша халық «водовоз» атайтын сутасығыш машина жеткізеді. Мұндай жағдайда сумен қамтамасыз етудің орнықты-



Елшар ҚАБА (қолжазба)

лығы, сенімділігі және санитарлық қауіпсіздігі жолға қойылса жөн.

ТАПСЫРМА ОРЫНДАЛДЫ, ЖҰМЫС ЖАЛҒАСАДЫ

Назар аударар жайт, ауыл мен қаланы мөлдір де сапалы ауызсумен жабдықтау бір рет әрі мәңгілікке шеше салуға келмейді. Біраз жыл бұрын орталықтандырылған су желісі тартылған кейбір ауылда ол жүйе тез

ауызсумен қамтамасыз ету — үздіксіз жүретін процесс. Сол себепті барлық жауапты мемлекеттік орган бұл мәселені тұрақты бақылауда ұстауы қажет, — деп қадап айтты Олжас Бектенов.

Сумен жабдықтау желілерінің қызметі мен ауызсудың сапасына назар аударылуы тиіс. Былтыр азаматтардан сумен жабдықтау мәселелері бойынша мемлекеттік органдарға 70 мыңға жуық арыз-шағым түскен. Әкімқаралар елді мекенді таза суға «қарық қылдық» деп жоғарыға есеп береді, ал тұрғындар келген судың ішу түгіл, мал мен бақша суаруға жарамсыз екеніне наразы.

Осыған байланысты әкімдіктерге әрбір шағым бойынша тексеру жүргізіп, міндетін адал атқармаған ұйымдарға қатаң шара қолдану жүктелді.


Тұрғындар тарапынан сұраныстың өсуі, жаңа аудандардың салынуы қалалардағы қолданыстағы жүйелерді жаңғырту қажеттілігін өзекті етті. О.Бектенов осы орайда Энергетикалық және коммуналдық секторларды жаңғырту жөніндегі ұлттық жобаның мүмкіндіктерін кеңінен пайдаланудың маңыздылығын нұсқады.

— Сондай-ақ біздің алдымызда әлемдік озық тәжірибелерді қолдана отырып, қалалық су каналдарының өндірістік процестерін толық автоматтандыру және цифрландыру міндеті тұр. Бастапқы су көзінен бастап соңғы тұтынушыға дейін суды толық бақылауды қамтамасыз ету қажет. Барлық жұмыс сапалы әрі уақытылы жүргізілуге тиіс, — деп атап өтті Олжас Бектенов.



тоза бастады, қайта жаңғыртуды қажетсінеді. Сондықтан Премьер-министр су шаруашылығы инфрақұрылымын одан әрі дамытуға жүйелі түрде келу маңызды екенін атап өтті.

— Халық санының және жалпы экономиканың өсуімен бірге елімізде су тұтыну көлемі де ұлғая береді. Сондықтан таза ауызсу мәселесінің өзектілігі де күн өткен сайын арта түспек. Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша қалалар мен ауылдарды сумен жабдықтау жобаларын жүзеге асыру аяқталды. Дегенмен



Атқарушы билік 2026 жылға осы салада өз алдына бірнеше мақсат-міндет белгілеп отыр. Біріншіден, Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі әкімдіктермен бірге жалпы сипаттағы трансферттердің бөлінген сомалары, сондай-ақ «Энергетикалық және коммуналдық секторларды жаңғырту жөніндегі ұлттық жоба» шеңберінде сумен жабдықтау және су бұру жобаларының жүзеге асырылуын жүйелі түрде бақылауға жауапты. Өтінімдер саны мен өңделетін ақпарат көлемі күрт өскен, демек ведомство ұлттық жобаның бірыңғай электрондық платформасының жұмысында техникалық ақаулардың туындауы, істен шығу жағдайларына жол берілмеуі керек.

Екіншіден, Су ресурстары министрлігіне таза су жетті делінген, алайда сараптама көрсеткендей, ауызсумен қамтамасыз ету деңгейін жақсарту қажет етілетін 142 ауылдық елді мекенге арналған жаңа 12 жобаны жүзеге асыру шараларын жыл соңына дейін қабылдау тапсырылды. Осы жылдың 30 шілдесіне дейін Түркістан облысындағы

Шардара топтық су құбырын пайдалануға беру қажет. 15 қарашаға дейін Солтүстік Қазақстан облысындағы Преснов және Соколов топтық су құбырларын жаңғырту жұмыстары аяқталуы тиіс.

Үшіншіден, Қаржы министрлігі республикалық бюджет шеңберінде көзделген сумен жабдықтау жобаларын уақытылы қаржыландыруды қамтамасыз етуге міндеттелді. Сондай-ақ ол кәріз-канализация, тазарту құрылыстарын жаңғырту үшін несие тарту мәселесінде әкімдіктерге әдіснамалық көмек көрсетуі керек.

Төртіншіден, Ауыл шаруашылығы, Су ресурстары министрліктері, сондай-ақ Қызылорда, Түркістан және Жамбыл облыстарының әкімдіктеріне суды көп қажет ететін дақылдар бойынша егіс алқаптарының құрылымын суды пайдалану лимиттеріне қатаң сәйкестендіре отырып бекіту туралы бірқатар тапсырма берілді. Яғни, биыл бидай, күріш және басқа да суды көп «ішетін» дақылдарға бөлінетін егіс алқаптарының ауқымы азайтылады.

Бесіншіден, Су ресурстары министрлігі фермерлерге су беруге қатысты барлық шарттың «Егіс алқаптарының құрылымын ертаратпандыру жөніндегі Жол картасының» нысаналы индикаторларына сәйкес жасалуына қол жеткізуі тиіс.

Айтқандай, бұл салада да реформа жүргізіліп жатыр. Ол аяқталған соң ауылды сумен қамтуға орталық жауап бермеуі мүмкін, бұл енді әкімнің «бас ауруы» болады. Су ресурстары және ирригация министрі Нұржан Нұржігітов журналистерге бүгінде республикалық меншікте халқының жалпы саны 1 млн 330 мың адам болатын 546 ауылды сумен қамтамасыз ететін 26 топтық су құбыры бар екенін хабарлады. Алайда ведомствоға қарасты «ҚазСу-Шар» трансформациялану үстінде: оның аясында су құбырларын жергілікті атқарушы органдарға кезең-кезеңімен беру жүргізіліп жатыр. Ендеше су қайнарының мәселелерінен бастап соңғы тұтынушыға дейін су жеткізу міндеттері әкімге табысталуы мүмкін. Қай ауыл, аудан, қала бай болса, бюджеті толса, сол ғана судан тарықпауы мүмкін.

Сонымен қатар Үкімет су ресурстарын ұтымды пайдалану мәдениетін қалыптастыру бағытында жүйелі жұмыстарды жалғастыруға ерекше назар аударғаны абзал. Қорыта айтқанда, халықты ауызсумен қамту мәселесі әрі қарай да күн тәртібінде қала бермек. Бұған қуаңшылық дәуірінде әрбір тамшы суды үнеммен жұмсау, бюджеттік тапшылық кезеңінде бұрынғы тоқшылықта тұрғызылған қымбат инфрақұрылымды ұқыппен сақтау міндеті үстемеленді.

КӨКЕЙКЕСТІ

24 ҚАҢТАР 2026 | СЕНБІ

ЦИФРЛЫҚ ҚЫЗМЕТ:

ЖАҢА

ДӘУІР

Биылдан бастап Халыққа қызмет көрсету орталықтары цифрлық кеңсеге айналады.

Нәтижесінде, азаматтар құжат алу үшін міндетті түрде кеңсеге бармай-ақ, қызметтердің басым бөлігін онлайн түрде рәсімдей алады.

Тілегүл Есдәулет

Қазірдің өзінде мемлекеттік қызметтердің шамамен 90%-ын азаматтар онлайн форматта ала алады. Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігінің мәліметінше, eGov.kz порталында тіркелген пайдаланушылар саны бүгінде 15,1 млн адамнан асты. Ай сайынғы белсенді аудитория — 6,4 млн пайдаланушы, ал күн сайын қосымшаға 671 мыңнан астам адам кіреді. 2025 жылы азаматтарға арналған 220 цифрлық сервис пен мемлекеттік қызмет қолжетімді болған. Ең сұранысқа ие сервистердің қатарында банктік қарыздар мен микрокредиттер алудан ерікті түрде бас тарту сервисі, соттылығының бар немесе жоқ екені туралы анықтама, сондай-ақ заңды тұлғаның тіркеу әрекеттері туралы анықтама бар.

«Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ басқарма төрағасы Дәулет Бекмановтың айтуынша, компания ақпараттық қызмет көрсету саласында мемлекеттік органдармен бірлесіп, азаматтар үшін қызмет алу үдерісін жеңілдеті отырып, мемлекеттік қызметтерді цифрландыру бағытында жүйелі түрде жұмыс жүргізіп келеді.

— Біз eGov Mobile мобильді қосымшасы арқылы алынған қызметтер санының жыл сайын тұрақты өсіп отырғанын байқап отырмыз, бұл атқарылған жұмыстың тиімділігін көрсетеді. Сондай-ақ «Цифрлық құжаттар» құралы қазақстандықтардың күнделікті өмірінде қалыпты әрі кеңінен қолданылатын сервиске айналғанын атап өткім келеді. Қазір олардың саны 39-ға жетті, оның ішінде жеке куәлік, жүргізуші куәлігі, студенттік билет және басқа да әлеуметтік маңызы бар құжаттар бар», — дейді Д.Бекманов.

Цифрлық технологиялардың жедел дамуы әлем елдерінің әлеуметтік-экономикалық, қоғамдық-саяси өмірін қарқынды өзгертіп жатыр. EsonomyKZ.org порталының сарапшысы Лина Егель «ЖИ енді жай ғана технология емес. Ол — инфрақұрылым.

Оның қолданылуы медицинаны, қаржыны, білімді, өндірісті, тіпті әскери және саяси саланы, бәрін-бәрін қамтиды», — дейді.

ЖИ — АҚЫЛДЫ КӨМЕКШІ

Демек, біз қаласақ та, қаласак та, ЖИ технологияларын барлық салада қолдану алдағы уақытта бұдан да жылдам өсе береді деген сөз. Замана көшінің соңында қалмай, цифрлық болашаққа қадам басқан Қазақстан аймақтағы технологиялық көшбасшы болуға ұмтылуда. Қазір еліміз БҰҰ-ның бағалауынша, әлемдік цифрландыру индексында 24-орынға көтеріліп, «Электронды үкімет» платформасын жанартуды жалғастырды. Жоғарыда айтқанымыздай, мемлекеттік қызметтерді алу 100%-ға жуық дерлік онлайн форматта жүзеге асып отыр. Нәтижесінде, халыққа қызмет көрсету орталықтары цифрлық кеңсеге айналады. Халық өзіне қажетті құжаттарды, мәліметтер мен ақпараттарды алу үшін eGov AI деп аталатын ақылды чат-боттың көмегіне жүгінуіне болады. Сондай-ақ eGov.kz порталы, eGov Mobile мобильдік қосымшасы мен e-Otinish сияқты негізгі электрондық сервистерге жасанды интеллект енгізілді. Яғни, eGov Mobile мобильдік қосымшасы мен e-Otinish сияқты негізгі электрондық сервистерге қосылған eGov AI деп аталатын ақылды чат-ботқа пайдаланушылар сұрағын түсінікті етіп жазса болды, қажетті анықтама немесе қызметті қалай алуға болатынын түсіндіріп, сілтемесін де жібереді. Бұл

Халық өзіне қажетті құжаттарды, мәліметтер мен ақпараттарды алу үшін eGov AI деп аталатын ақылды чат-боттың көмегіне жүгінуіне болады. Сондай-ақ eGov.kz порталы, eGov Mobile мобильдік қосымшасы мен e-Otinish сияқты негізгі электрондық сервистерге жасанды интеллект енгізілді.

мамандардың айтуынша, қызмет көрсету жылдамдығын арттырып қана қоймай, сапаны жақсартуға, өтім беру процесін жеңіл әрі ыңғайлы етуге мүмкіндік береді. Тіпті, жасанды интеллект заң жазып, оның кейінгі орындалуын да бақыламақ. Жасанды интеллект және цифрлық даму министрі Жаслан Мәдиев жақын уақытта eGov порталының жаңарған нұсқасы іске қосылатынын айтты. Оның хабарлауынша, қазіргі қолданыстағы eGov порталы 2013 жылғы технологиялар негізінде құрылған және өз мүмкіндігі шегінде жұмыс істеді. Кейінгі жылдары инфрақұрылымға жүктеме артып, сервисер жиі істен шыға берген. Осы жағдайларды ескерген министрлік eGov-ты жаңа технологиялық шешімдер негізінде eGov 3.0 жаңа нұсқасын жасақтап жатыр. Жоба халықтың мемлекеттік қызметтерге үздіксіз қол жеткізуі үшін кезең-кезеңімен іске асырылады.

ОНЛАЙН ҚЫЗМЕТ
ОҢТАЙЛЫ ШЕШІМ БЕ?

2026 жылғы 8 қаңтарда Microsoft жариялаған жаңа деректерге сенсек, ЖИ қолдануда ең жылдам өсіп келе жатқан нарық ретінде Оңтүстік Корея аталады. Бұл елде еңбекке қабілетті жастағы ЖИ қолданушылар саны 2025 жылдың бірінші жартысынан екінші жартысына дейін 18,5 пайызға артқан. Ал АҚШ-тың ғалымдары, инженерлері, кәсіпкерлері мен компания басшылары жасап жатқан өнімдер әлемдік стандартқа айналғанымен, ЖИ-ді жаппай қолдану жағынан Америка көшбасшы саналмайды. Мұның себебі — IT-маманы, киберқауіпсіздік саласы бойынша сарапшы Ғасыр Құралбайұлының түсіндіруінше, оларда алдымен сапасын масштаб деген ұранға байланысты болуы мүмкін.

— Менің білуімше, еліміз мемлекеттік қызметтерді автоматтандыру немесе цифрландыру бойынша әлемде алғашқы топ 10 немесе 15-ке кіреді. Бұл — біз үшін оң өзгеріс. Ал Оңтүстік Кореяда чат-боттардың тез енгізілуі мен тез қабылдауының бірнеше факторы бар деп ойлаймын. Ондағы халықтың цифрлық сауаттылығы мен технологияға сенімділігіне байланысты болуы мүмкін, — дейді ол.

Ал біздің елдегі халықтың цифрлық сауаттылығы мен жаңа технологияға сенімділігі туралы сөз қозғағанда, бұл бағытта нақты зерттеу бар ма деген сұрақ туындайды. Президент жанындағы Стратегиялық зерттеулер институтының дерегінше, Қазақстан халқының технологияларға деген сенім деңгейі әркім. Институттың бас ғылыми қызметкері Айгүл Забированың пікірінше, цифрлық сенім өздігінен пайда болмайды, оны бір түймені басу арқылы іске қосу немесе бір ғана формалды норма арқылы бекіту мүмкін емес.

— Шын мәнінде, цифрлық сенім сияқты жаңа әлеуметтік норманы қалыптастыру туралы айтсақ... Бұл күнделікті өмірде пайда болады, бірақ әзірге ол ережелер мен институттарға қарағанда технологияда тезірек дамиды. Дәл осы алшақтық бүгінде адам үшін алаңдаушылық тудырады. Адамдардан жасанды интеллектке қатысты қорқынштарын сұрағанда, олар көбіне жасанды интеллекттің өзіне байланысты ешнәрсе айтпайды. Олар телефон қоныраулары, мессенджерлердегі хабарламалар, банктен келген хаттар туралы айтады. Сондықтан қауіптердің ішінде бірінші орында

машиналардың «көтерілісі» емес, кибералайық түр. Одан респонденттердің 55,3%-ы қауіптенеді. Сондықтан да алаңдаушылық көбіне цифрлық орта өмірдің үйреншікті бөлігіне айналған жерде жиі пайда болады: дәл сол жерде сенім мен қорғанысқа деген сұраныс ертерек қалыптасады, — дейді маман. Демек, жаңа технологияның енуімен қатар, қорғана білу және сауаттану мәселесі қатар жүреді. Бірінсіз бірін түсіндіру жоқ нәрсемен әуре болумен пара-пар дейді маман.

Жалпы, цифрлық сауаттылық және сенім, қауіпсіздік тұрғысынан алғанда, «бір терезе» қағидасымен қызмет көрсететін орталықтардың сақталуын маңызды деп санайтын топтың бар екенін де естен шығармаған жөн. Назарбаев университеті жанындағы Ұлттық талдамалық орталықтың зерттеуінше, қарттар, ауыл тұрғындары және әлеуметтік жағдайы төмен азаматтар үшін онлайн қызметтің айтарлықтай қолайсыз жақтары бар. Сонымен қатар техникалық ақаулар, мемлекеттік қызметтердің күрделенуі немесе алаяқтық әрекеттердің көбеюі де ХҚКО-ның сақталуына қажеттілік тудырады. Талдамалық орталық ұсынған зерттеу қорытындысына сәйкес, респонденттердің 75%-ы барлық қызмет онлайн форматқа көшсе де, физикалық кеңістіктерді сақтау керегін қолдаған және олардың 86%-ы ХҚКО-лардың өз елді мекендерінде жабылуы айтарлықтай қолайсыздық туғызады деп есептейді. Тек 10%-ы бұл мәселе емес десе, тағы 4%-ы нақты жауап бере алмаған. ҰТО Зерттеу орталығының жетекшісі Сәуле Ғазизованың пікірінше, әлі де ХҚКО қоғам мен биліктің маңызды өзара іс-қимыл алаңы болып қала береді.

— Қазақстандықтардың цифрлық қызметтерге деген сұранысы өсіп келе жатқанына қарамастан, олардың басым бөлігі халыққа қызмет көрсету орталықтарынан бас тартуға асықпайды. ХҚКО-ға деген қажеттілік тек жас, географиялық немесе қаржылық факторлармен шектелмейді. Қалада тұратын, орта жастағы және қаржылық жағдайы жақсы азаматтар да цифрлық кеңістікті қауіп-қатер аймағы ретінде қабылдай отырып, ХҚКО-ларға басымдық бере алады. Көптеген азамат бұл өзгерістің барлығын бақылап үлгермейді, сондықтан мемлекет тарапынан қолдау мен көмек күтеді. Сондықтан ХҚКО-лардың жабылуы — оңтайлы шешім емес, — дейді маман.

Ал цифрлық кеңселер пайда болған жағдайда халыққа қызмет көрсету орталықтары қызметкерлерінің рөлі де өзгереді. Енді олар кеңесші әрі көмекші ретінде жұмыс істеп, азаматтарға онлайн қызметтерді қалай пайдалану керегін түсіндіреді және күрделі жағдайларда қолдау көрсетеді.

ӨЗЕКТІ

24 ҚАҢТАР 2026 | СЕНБІ

ШЕКТІ МЕЖЕДЕН АСҚАН

Елімізде шекті мөлшерден асқан зейнетақы жинақтары осы күнге дейін медициналық көмек алуға және тұрғын үй мәселелерін шешуге пайдаланылғаны белгілі. Алайда жуырда БЖЗҚ-дағы қаражатты емдеу мақсатына пайдалану тоқтатылды. «Отбасы банкінің» басқарма төрайымы Л.Ибрагимова бұл шектеудің 6 айға созылатынын мәлімдеді. Осы уақыт аралығында медициналық көмекке бағытталған зейнетақы жинақтары жан-жақты зерттеліп, сарапталмақ. Азаматтарға шекті мөлшерден асқан қаражатын шешіп алудың басқаша мүмкіндіктері ұсыныла ма?

ҚАРЖЫ
неге
ШЕКТЕЛЕ
БЕРЕДІ?

Айбар ОЛЖАЙ,
экономист, сарапшы:

— Мен әу баста шекті мөлшерден асқан қаражатты алу туралы идеяға қарсы болдым. Ол базалық зейнетақыға қосымша қаржы ретінде қарастырылған, зейнетке шыққан кезде берілуге тиіс қаражат екені белгілі және 40 жылдан кейін өз жемісін беру керек еді. Біз оған жеткізбей парша-паршасын шығардық. Тек 1,3 трлн тенге тұрғын үйге кетіп қалды. Шекті мөлшерден асқан қаражатты алудың түрлі жолы ұсынылған соң түрлі китүрқылық болатыны даусыз. Бір бағытта көп өтініш түскеннен кейін оны тоқтата тұру — бейнелеп айтқанда, өртті сөндіру жұмыстарына ұқсайды. Бұл жүйені қайта қарау керек деп есептеймін. Меніңше, зейнетақы қорының функциясын әу бастағы қалпына келтіру керек. Иә, заңды бұзғандар жазаға тартылар, өтініш бергендер тиісті қаржысын алар. Бірақ шекті мөлшерден асқан қаражатты мұндай жолмен сыртқа шығарғаннан гөрі активтерді ірі компанияларға басқартып, адам қолы ала алмайтындай ғып жасау керек шығар деп ойлаймын. Жалпы, бұл мәселені 2027 жылдан кеш қалдырмай шешу керек.

А Айгүл СЕЙІЛ

Негізі, бұл — басы ашық сұрақ. Өйткені зейнетақы жинақтары осыған дейін кейбір ауруларды емдеу мақсаттарына берілді және тиімсіздігін көрсетті деп айтсақ, қателеспейтін шығармыз. Зейнетақы жинағында шекті мөлшерден асқан соманы халық орфандық ауруларларға, реконструктивті және қалпына келтіру (пластикалық) операцияларға, радионуклидтік және радиойод-терапия, радиохирургиялық емдеуге, протон терапиясына, офтальмологиялық жән стоматологиялық қызметтерге пайдаланып келген еді.

Біз бұл жерде әрбір дертке, емдеу әдістеріне жеке-жеке тоқталып отыруды мақсат етпейміз. Көз аурулары мен тіс ауруларынан басқа аурулардың кейбірі сирек кездесетін, ал басқалары қатерлі аурулар екені анық. Яғни, қисынды түрде айтатын болсақ, шекті мөлшерден асқан зейнетақы қаражатын пайдалану үшін бірінші кезекте сирек кездесетін әрі қатерлі аурулармен ауыратын азаматтарға басымдық беріліп келген. Бұл жерде тағы да «бірақ» деген мәселе шығады.

Мысалы, медициналық көмек алу бағытының тоқтап қалуына әсер еткен нәрсе — радиохирургия бойынша өтінімдердің көбейіп кетуі. Бұрын ол бойынша өтінім бір айда 10 шақты ғана болса, қантарда өтінімдер саны 7 мыңға жеткен. Елімізде протон терапиясы мен радиохирургиялық емдеу көбіне лайықты жабдықталған, білікті дәрігерлер шоғырланған «Нейрохирургия ұлттық орталығы» АҚ, Ұлттық ғылыми онкология орталығы және Ядролық медицина және онкология орталығында жүзеге асатынын ескерсек, Отбасы банкінің еліміздің басқа да аймақтарындағы клиникалардан түскен өтінімдерден сақтануы — қалыпты нәрсе. Сондай-ақ Отбасы банк 7 мыңның артында мыңдаған заңсыздықтың жасырынып жатқанын да білмей отырған жоқ. Себебі былтырғы жылдың қыркүйегінде стоматологиялық бағыт бойынша қаражат алуды тоқтатып қойған еді, енді жел радиохирургия жақтан соқты. Ауырмаса да ауырған адамның кебін кигендер радиохирургиялық емді жағалай бастады. Ал қатерлі ісіктер мемлекет есебінен тегін емделетіні басқа әңгіме...



Елдар ҚАБА (collage)

Елімізде протон терапиясы мен радиохирургиялық емдеу көбіне лайықты жабдықталған, білікті дәрігерлер шоғырланған «Нейрохирургия ұлттық орталығы» АҚ, Ұлттық ғылыми онкология орталығы және Ядролық медицина және онкология орталығында жүзеге асатынын ескерсек, Отбасы банкінің еліміздің басқа да аймақтарындағы клиникалардан түскен өтінімдерден сақтануы — қалыпты нәрсе.

Жалпы, стоматология бойынша шектеу 2024 жылдың шілдесінде басталды. Алдымен Отбасы банк протездеу және имплантаттау бойынша қымбат тұратын стоматологиялық қызметтерге қаржы беруді тоқтатты. Біржолғы зейнетақы төлемдері жөніндегі уәкілетті оператор Отбасы банк мұны қызметтік тексерулер барысында жалған құжаттарды пайдалану, сондай-ақ нақты медициналық қызметтерді көрсетпеу фактілерімен түсіндіріп, 2024 жылғы 10 тамыз бен 2025 жылғы 1 ақпан аралығында қаражат беруді тоқтатуды жоспарлаған. Сол қызметтік тексерудің соңы 2025 жылдың 15 қыркүйегінен бастап 2026 жылдың 15 сәуіріне дейін eprf-otbasu.kz платформасында тіс емдеуге өтініш қабылдаудың уақытша тоқтатылуына ұласты. Банктің мәліметінше, 2021 жыл мен 2025 жылдың аралығында Отбасы банкінің eprf-otbasu.kz платформасы арқылы тек «Стоматологиялық

қызметтер» бағыты бойынша 757 млрд тенге аударылған. Соның 222,61 млрд теңгесі 20 стоматологиялық клиникаға түскен. Бұл клиникалардың жартысының Атырауда, ал қалғандарының Алматы мен Астанада орналасуы да зейнетақы жинақтарын пайдалануда заңсыздыққа жол берілгенін көрсетіп тұр.

Сонымен, шекті мөлшерден асқан зейнетақы жинағын ем алу мақсатында пайдалану тоқтап тұр. Кез келген ҚР азаматы өзінің шекті мөлшерден асқан жинағын пайдаланғысы келетіні жасырын емес. Бірақ Отбасы банк еліміздегі жұмыс істейтін (шекті мөлшерден асқан жинақ жұмыс істейтін адамдарда бар) барлық адамның сирек кездесетін және қатерлі аурулармен ауырмайтынын, көп мөлшердегі сомаға тіс емдетпейтінін ескере ме? Әлде шекті мөлшерден асқан қаражатты алу біржола тоқтай ма? Ал бұл мәселеге қатысты сарапшылар қандай пікірде?

Раушан ТАСШОИНОВА,
қаржыгер, сертификатталған салық кеңесшісі,
АССА халықаралық ұйымының мүшесі:

— Бұл мәселе бойынша халықаралық тәжірибеге назар аударсақ, белгілі бір заңдылықты көруге болады. Мәселен, Сингапурда зейнетақы жүйесінде медициналық және зейнетақылық қаражаттар бөлек есептеледі, ал медициналық шығындар қатаң шектеулер мен нақты тарифтер арқылы ғана жүзеге асады. Жалпы алғанда, дамыған елдердің басым бөлігінде зейнетақы қаражаты медициналық қызметтер нарығына еркін жіберілмейді: кей елдерде мұндай мүмкіндік мүлде жоқ, ал кейбірінде ол қатаң қаржылық және институционалдық шектеулермен ғана іске асады.

Барлық модельдің ортақ қағидасы бір: жүйе техникалық тұрғыда заңбұзушылыққа жол бермейді немесе мұндай бұзушылықтың бағасы тым қымбат болады.

Қазақстандық модельде дәл осы элементтер жетіспеді. Бақылау көбіне декларативті сипатта қалып, жауапкершілік нақты айқындалмады. Сондықтан төлемдерді уақытша тоқтату шарасы амалсыздан қабылданған шешім болды. Алайда осы үзілістен кейін ережелерді жай ғана «реттеп», терең өзгеріссіз қайта іске қосса, бұрынғы схемалардың қайта қайталану қаупі жойылмайды.

Енді негізгі сұраққа келсек, алдағы уақытта БЖЗҚ мен Отбасы операторы емдік мақсаттағы қаражатты бағыттау барысында нені ескеруі керек?

Менің ойымша, ең алдымен, барлық салымшыны бірдей шектеу әділетті ме деген сұраққа жауап беру қажет. Шекті мөлшерден асқан қаражаты бар азаматтардың бәрі бірдей сирек немесе қатерлі аурумен ауырмайтыны рас. Сол сияқты олардың барлығы қымбат стоматологиялық қызметке жүгінбейді. Демек, жүйе «бәріне ортақ тыйым» қағидатынан бас тартып, тәуекелге негізделген, сараланған басқару моделіне көшуі қажет.

Бұл медициналық және қаржылық шешімдерді қатаң ажырататын, медициналық ұйымдардың нақты жауапкершілігін белгілейтін, тарифтердің ашықтығын қамтамасыз ететін және ең бастысы — заңбұзушылық схемалар экономикалық тұрғыдан тиімсіз болатын бақылау моделін құруды талап етеді.

Зейнетақы — бүгінгі шығын емес, ертеңгі қауіпсіздік. Демек, зейнетақы қаражаты қысқамерзімді шешімдердің емес, ұзақмерзімді қаржылық тұрақтылықтың құралы ретінде қарастырылуға тиіс.

МӘСЕЛЕ

24 ҚАҢТАР 2026 | СЕНБІ



Тіс ауырғанда, шыбын жанды шүберекке түйіп, дәрігер іздеп сабылып кететініміз рас. Ал балалардың тісі ауырса, мәселе тіпті қиын. Алайда елорданың тап іргесінде орналасқан Ақмола облысының өзі дәл осы балалар тісін емдеуде қордаланған ахуалдан көз аша алмай келеді. Мемлекеттік бюджеттің бүйірінен аталған салаға миллиардтар бөлінгенімен, іс жүзінде балаларды емдеуге жетпей жатқаны алаңдатады.

Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ,
Ақмола облысы

Өңірде жақында ғана әлеуметтік саладағы бірнеше министрлік өкілі келіп, аймақтағы талайdan бері былыққа белшесінен батқан мәселелер түгелдей жіпке тізілді. Әсіресе, медицина саласындағы халықтың ондаған жыл бойы шымбайына батып, ащы жанайқайын тудырып келген жайттар аса көп екені тұтас әлеуметке аян болды. Денсаулық сақтау министрі Ақмарал Әлназарованың жария еткен деректерінен бюджет қоржынынан бөлінген миллиардтардың іс жүзінде халыққа тигізген пайдасы аздау екенін аңғару қиын емес.

Министрдің келтірген деректеріне сенсек, Ақмола облысында медицина саласында 2026 жылға арналған конкурс қорытындысына сәйкес, бақандай 5,7 миллиард теңге орналастырылмаған болып шықты. Оның ішінде, тікелей стоматологиялық көмекке бағытталған 99 миллион теңге мүлде игерусіз қалғаны анықталды. Бұған осыған дейін келісімшартта болып келген бес бірдей жекеменшік стоматологиялық кабинеттер мен ұйымдар конкурсқа қатыспай қалуы себепкер болған.

көрсететін мемлекеттік ұйымдардың саны сұралғанымен, нақты жауап берілмеді. Кейінгі үш жылда қанша мемлекеттік балалар стоматологиясы кабинеті жабылғаны туралы қойылған сауал да жауапсыз қалды. Берілген жауапта балалардың кезек күту уақыты туралы нақты күн де, апта да айтылмайды. Жауаптар нақты саннан емес, жалпылама сөйлемдерден тұрады. Бұл басқарушы органның өз жүйесінің нақты ахуалын толық білмейтінін немесе ашық айтуға дайын емес екенін көрсеткендей болды.

Баланың тісі ауырғанда, қағаздағы кепілдік емес, нақты қабылдау уақыты, дәрігердің қолжетімділігі, сапалы ем қажет. Ал шынайы өмірде ата-аналар апталап кезек күтеді. Кейде тұтас бір емханада арнайы маман жоқ деген де жауап алады, кейде құрал-жабдықтың жеткіліксіздігіне тап болады. Соңында амалсыздан ақылы

лық қолдау толық дамымаған. Сондықтан ата-ана баласының ауырсынуын тоқтату үшін қалтасындағы соңғы тиынына дейін жұмсауға мәжбүр.

Министр баяндамасында айтылған тағы бір дерек, жағдайдың қаншалықты күрделі екенін айғақтап берді. 2025 жылы медициналық ұйымдар 2,2 миллиард теңгені игермей, мемлекетке қайтарған. Оның ішінде, 0,7 миллиард теңге тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі аясында, ал 1,5 миллиард теңге МӘМС бойынша толықтай игерілмеген күйі бюджетке кері қайтарылған. Ең көп игерілмеген қаржы консультативтік-диагностикалық қызметтерге тиесілі болып шықты. Яғни, аурудың алдын алуға бағытталған қомақты қаражат халыққа пайдасын тигізе алмаған. Қайтарылған қаражаттың ішінде профилактикалық тексерулер, ересектер мен балаларға арналған скринингтер, мобильді медициналық кешендер және стоматологиялық қызметтер де бар. Яғни, ақша жетпегендіктен емес, жүйе жұмыс істей алмағандықтан,

даған баланың уақытылы стоматологиялық көмек ала алмауының көрінісі.

АУЫЛДЫҚ ЖЕРЛЕРДЕГІ АХУАЛ

Ауылдық жерлердегі жағдай одан да ауыр екені даусыз. Кейбір елді мекендерде балалар стоматологиясы мүлде жоқ екені жанама түрде мойындалады. Басқармамен ұсынылған жауапта көмек аудан орталықтары немесе көшпелі мобильді бригадалар арқылы көрсетілетіні жазылған. Бірақ мобильді бригада — жүйелі медицинаның орнын баса алмайтын уақытша шара ғана екені айдан анық. Ауылдағы бала үшін профилактика, жоспарлы ем, ортодонтия, заманауи стоматологиялық қызметтер қолжетімсіз күйінде қалып отыр. Ауыл баласы көп жағдайда стоматологқа тек тісін жүлу үшін ғана барады.


Мұндай жағдайда профилактика әлсіз, статистика толық емес, нақты динамика бақылауға алынбаған. Кариес, периодонтит, тіс жүлу көрсеткіштері туралы соңғы жылдарға қатысты ашық деректердің болмауы жүйенің өз нәтижесін өлшемейтінін көрсетеді.

Кадр тапшылығы да балалар стоматологиясын тұйыққа тіреп отыр. Балалар стоматологтарының жетіспейтіні ресми түрде мойындалғанымен, нақты тапшылық көлемі, қанша маман жеке секторға кеткені, мемлекеттік сектордағы орташа жалақы мөлшері ашық айтылмай отыр. Нәтижесінде, тәжірибелі дәрігерлер жекеменшік клиникаларға ауысады. Ал мемлекеттік балалар стоматологиясы жас мамандар үшін тартымсыз салаға айналып барады.

Ақмола облыстық Денсаулық сақтау басқармасының басшысы Нариман Ермектің БАҚ өкілдеріне берген сұхбатында келтірген деректеріне сенсек, Көкшетау, Степногорск қалаларында мемлекеттен бөлінетін қаражаттан бас тартқан жекеменшік стоматологиялардың орнына тегін жоспарлы стоматологиялық көмек бірнеше емхананың еншісіне тигені айтылады. Алайда олардың іс жүзінде қаншалықты тісі ауырған елді қабылдауға әзірлігі, кадрлардың сәйкестігі, құрал-жабдықтардың толықтығы жөнінде еш мәлімет жоқ. Бұл туралы ұсынылған жауапта да еш мәлімет болмай шықты.

P.S.

Ақмола облысындағы балалар стоматологиясының бүгінгі көрінісі көңіл көншітпейді. Іс жүзінде мемлекеттік бюджеттен бөлінген миллиардтар игерілмейді, конкурстарға жеткізушілер қатыспайды. Осының салдарынан қызмет көлемі қысқарып, ауыл баласы толыққанды тегін медициналық стоматологиялық көмектен қағылып отыр. Жарғақ құлағы жастыққа тимеген ата-ана ақылы секторға тәуелділікке тап болған.

БАЛА ЕМІНЕ
БАҚЫЛАУ
ЖОҚ

Баланың тісі ауырғанда, қағаздағы кепілдік емес, нақты қабылдау уақыты, дәрігердің қолжетімділігі, сапалы ем қажет. Ал шынайы өмірде ата-аналар апталап кезек күтеді. Кейде тұтас бір емханада арнайы маман жоқ деген де жауап алады, кейде құрал-жабдықтың жеткіліксіздігіне тап болады.

жеке клиникаларға жүгінетіні ақиқат.

Ресми органдар мұны ата-аналардың «ыңғайлылықты таңдауы» деп түсіндіреді. Бірақ, шын мәнінде, бұл — таңдау емес, мәжбүрлік. Мемлекеттік секторда маман жетіспейді. Балаларға бейімделген заманауи әдістер, седация, психология-

балалар тегін көрсетілетін қызметтен құралақан қалған.

Бұл басқару дағдарысының айқын көрінісі екені сөзсіз. Қаражат бөлінеді, қажеттілік те, медициналық көмекке мұқтаж халық та бар. Алайда қызмет толық көрсетілмейді. 99 миллион теңге игерілмегені — қаржылық мәселе ғана емес, мың-

КӨЗҚАРАС

24 ҚАҢТАР 2026 | СЕНБІ

Батыс елдеріне тек «қалталы немесе дарынды болсаңыз ғана оқуға түсе аласыз» деген ұғым қате. Бүгінде Еуропаның көптеген елі шетелдік студенттерге тегін оқу мүмкіндігін ұсынып отыр. Сарапшылардың айтуынша, білім беру дипломатиясы Еуропалық одақтың жұмсақ күш стратегиясының негізгі элементі саналады. Біз қазақстандықтарға тегін оқуға мүмкіндік беретін шетелдік университеттерді шолып көрдік.

А Көктем
ҚАРҚЫН

Еуропаның жұмсақ күші танктер мен санкциялар арқылы емес, аудиториялар мен кітапханалар, академиялық еркіндік пен студенттік мобильділік арқылы да жұмыс істейді. Бұл саясаттың алдыңғы мысалдарының бірі — Erasmus Mundus және Erasmus+ бағдарламалары. Екеуінің мақсаты, мерзімі, оқу түрі жағынан айырмашылығы бар. Erasmus+ бағытының ерекшелігі — оған Еуропалық одаққа кірмейтін мемлекеттің студенттері де қатыса алады. Мысалы, Қазақстан Еуропалық одақтың мүшесі болмағанымен, студенттер Erasmus+ арқылы Еуропа елдеріндегі оқу орнында тегін оқи алады. Бағдарламаның атауы ретінде нидерландық ғалым, философ Эразм Роттердамскийдің есімі алынған. Ол өмір бойы білімін жетілдіру жолында Еуропаның көптеген елі мен қаласында еңбек етіп, сонда өмір сүрген.

— Бұл бағдарламаларға студенттер де, жоғары оқу орнын бітірген жастар да қатыса алады. Бірақ бағдарламаның шарты қатал. Erasmus+ арқылы бакалавриат, магистратура, докторантура студенттері академиялық ұтқырлықпен ауысып оқи алады. Шартты оқу мерзімі 3–12 ай болғанымен, көбіне студенттер алты ай, яғни бір семестр ауысып оқиды. Ал Erasmus Mundus бағдарламасы шетелдік магистратурада толық грантпен оқуға мүмкіндік береді. Бағдарламаға тапсыру үшін сіздің қай университетте оқығаныңыз немесе ол оқу орнының Erasmus+ келісімі болуы маңызды емес. Кез келген үміткер тәуелсіз кандидат ретінде Еуропаның жетекші университеттеріне өтініш беріп, магистрлік білім ала алады, — дейді осы бағдарламаның түлегі Айым Тауасар.

ОҚУ ТЕГІН, ӨМІР СҮРУ ҚЫМБАТ

Қазір «Еуропаға оқуға түсуге көмектесеміз» деген агенттік жарнамалары желіде толып тұр. Дегенмен Италияға оқуға түскен Гүлбаршын Нұрханның айтуынша, ниеті бар жан шын кіріссе, өз күшімен Еуропалық оқу грантын ұтып ала алады.

— Мен қазір Италияның Рим қаласындағы Tor Vergata универ-

ЕУРОПАДА ОҚУ: МҮМКІНДІГІ мен МАШАҚАТЫ ТЕҢ ЖОЛ



ситетінде Туризм мамандығында магистратурада оқып жатырмын. Еуропаға оқуға түсу қиын емес. Ең бастысы, ағылшын тілін білуің керек. Бакалавр дипломың болса, құжаттарды дұрыс жинап, тапсырсаң болғаны. Еуропалық университеттер белсенді, жақсы көрсеткіштерге жеткен студенттерге шақыру жібереді. Ең қиыны — виза алу. Италияға оқуға түсіп тұрсаң да саған виза бермеуі мүмкін. Ал виза алудың өзіндік талаптары бар. Елшілік барлық құжатқа, есепшоттағы қаржыға тесіліп қарайды. Виза алып болғаннан кейін ол жақтан шәкіртақы алуға тапсыру қажет. Италияда оқуға тапсыру процесі өте баяу жүреді. Қазақстан сияқты цифрланбаған. Құжат қабылдау жағы қиындық тудырады, — дейді Гүлбаршын Нұрхан.



Оның айтуынша, Еуропада сабаққа келіп, келмегенінді қатты тексермейді. Бірақ емтихан тапсыруыңды қадағалайды. Ол жақта емтиханның уақытын өзін тандайсың. Тіпті, бір айда бірнеше рет тапсыруға да болады. Біздің университеттермен салыстырғанда, емтихан тапсырудың стресі азырақ. Егер дипломыңда ағылшын тілінен жақсы жетістіктер болса, кейбір гуманитарлық мамандықтарға IELTS тапсырмай-ақ түсуге болады. Ол үшін мотивациялық хатты жоғары деңгейде толтыру керек.

— Ал Италияда жұмыс істеу үшін италиянша міндетті түрде білуің керек. Себебі халық өз мә-

дениетін, тарихын құрметтейді. Университетте италиянша үйрететін курстар бар. Италия мәдениеті мүлдем басқа халық. Олар жұмысқа қатты берілмей, барынша жайлы өмір сүреді. Үнемі күліп, бір-біріне жылы сөз айтып жүреді. Біз түскен мамандыққа еуропалықтар көп түспейді. Сондықтан ТМД-дан түскен студенттер өте көп. Италия өздері игермеген грантты шетелдік студенттерге бөледі. Ал шәкіртақы, жатақхананы беру әр қаласында әртүрлі. Римде тіпті үш уақыт ыстық тамаққа талон береді. Біз пәтер жалдап тұрып жатырмыз. Бір бөлме екі адамға айына 600–700 мың теңге шығады. Ол жақта өмір сүру қымбат. Сондықтан қосымша жұмыс істеу үшін ағылшынша немесе италиянша, испанша білу керек, — дейді Гүлбаршын Нұрхан.

КӘРІ ҚҰРЛЫҚТА ГРАНТТАР ТОЛЫҚ ИГЕРІЛМЕЙДІ

Жалпы, Еуропа бүгінде өзгерістер кезеңін бастан өткеріп отыр. Халықтың қартаюы үдеп, еңбекке қабілетті жастардың үлесі жыл сайын азаюда. Сонымен қатар еуропалық жастардың өздері мектеп бітіре сала жоғары оқу орнына түсуге бұрынғыдай асықпайды. Көпшілігі гар уеаг алып, жұмыс істеп көруді, саяхаттауды немесе кәсіби бағытын кейінірек тандауды жөн санайды. Осының салдарынан бірқатар елде университеттердегі оқу орындары мен гранттар толық игерілмей қалып



Жалпы, Еуропа бүгінде айқын демографиялық өзгерістер кезеңін бастан өткеріп отыр. Халықтың қартаюы үдеп, еңбекке қабілетті жастардың үлесі жыл сайын азаюда. Сонымен қатар еуропалық жастардың өздері мектеп бітіре сала жоғары оқу орнына түсуге бұрынғыдай асықпайды. Көпшілігі гар уеаг алып, жұмыс істеп көруді, саяхаттауды немесе кәсіби бағытын кейінірек тандауды жөн санайды.

отыр. Білім жүйесінің әлеуеті бар, инфрақұрылым дайын, бірақ оны толтыратын студент саны жеткіліксіз. Дәл осы жерде шетелдік студенттерге деген қызығушылық арта түседі. Еуропада білім алу бойынша сарапшы Дәурен Зеке-новтың айтуынша, Польша, Италия, Словакия, Греция, Германия, Франция сияқты мемлекеттерде ана тілін білсеңіз, тегін білім алуға мүмкіндік көп.

— Еуропаға кез келген қазақстандық түлек ҰБТ тапсырмай-ақ, грантка оқуға түсе алады. Ол үшін ең бастысы құжаттарды дұрыс дайындап, университетке өтінімді белгіленген мерзімде тапсыру. Қажетті құжаттардың толық тізімі әр жоғары оқу орнының ресми сайтында көрсетіледі. Алайда практикада бәрі соншалықты оңай емес. Интернеттегі ақпарат кейде ескірген, кейбір маңызды детальдар толық түсіндірілмейді немесе әр университеттің өз ішкі талаптары болады. Бұған қоса, виза рәсімдеу кезінде күтпеген нюанстар шығып жатады. Дәл осы бюрократиялық кедергілер көптеген қазақстандық студенттің Еуропада оқу мүмкіндігін шектеп отыр, — дейді сарапшы.

Енді «Еуропаның қай елдерінде грант алуға мүмкіндік көп?» деген сұраққа жауап іздеп көрсек.

Ойымызға бірінші келетіні — Норвегия. Норвегиялық студенттердің шамамен 10%-ы — шетелдіктер. Мұнда оқудың артықшылығы — емтихандар болмайды және ағылшын тілінде оқу мүмкіндігі қарастырылған, кемшілігі — баспана мен тамақ қымбат. Норвегияның мемлекеттік университеттерінде оқу тегін, бірақ университетке байланысты семестрлік 30–70 еуро төлеу керек. Екінші, Грекия университетіне түсу үшін емтихан тапсырудың қажеті жоқ, бірақ заманауи грек тілін білу немесе курстардан өту қажет. Үздік аттестат мүмкіндігіңізді айтарлықтай арттырады. Оқу ақысы мемлекеттік университеттерде шетелдіктер үшін тегін, тіл үйренудің бірінші жылы ғана ақылы (760–830 еуро). Университетке қабылдау сертификаттар конкурсы негізінде жүзеге асады. Грекияда студенттерге жеңілдіктер беретін жыл сайынғы әкімшілік алым (шамамен 500–700 еуро) бар: оқу материалдары мен жеңілдетілген тарифтермен тамақтануға жұмсалады.

Үшінші орында — Чехия. Мұнда жоғары білімнің артықшылығы тілді үйрену жылдамдығы мен өмір сүрудің жеңіл болуымен байланысты. Чехия ТМД-дан келген студенттерді ықыласпен қабылдайды, бірақ сертификатты растап, емтихан тапсыру қажет. Оқу ақысы мемлекеттік университеттерде чех тілінде — тегін.

Төртінші, Германия университеттері. Жоғары оқу орнына түсу оңай емес, бірақ мүмкіндік те баршылық. Оқу тегін, бірақ семестрлік төлем деп аталатын төлемді төлеу керек. Университетке байланысты семестрге 100-ден 300 еуроға дейін болады. Бұл кітапхана, асхана, студент билеті және жеңілдетілген жол жүру билетін пайдалану ақысына жұмсалады.

Бесінші орында Аустрия тұр. ТМД елдерінен келген үміткерлерге қойылатын талаптар Германияға қарағанда әлдеқайда жеңіл. Тіл білмесеңіз де, мектептен кейін бірден оқуға түсе аласыз, ал оқуды бітіргеннен кейін олар сізге жұмыс іздеуге уақыт береді. Оқу ақысы мемлекеттік университеттерде тегін, тек семестрлік төлемді төлеу керек. Ол ТМД елдерінің тұрғындары үшін 360 еуродан жоғары тұрады.

Еуропалық мемлекеттер үшін халықаралық студенттерді тарту — уақытша шара емес, стратегиялық қадам. Біріншіден, бұл университеттердің қаржылық және академиялық тұрақтылығын сақтауға көмектеседі. Екіншіден, еңбек нарығына бейім, жас әрі білімді кадрлардың легін қалыптастырады. Үшіншіден, ұзақ мерзімде демографиялық теңгерімді жұмсартудың бір тетігіне айналды. Қазақстан сияқты елдерден келетін студенттер бұл жүйеде ерекше орын алады. Бос қалған гранттарды игеріп қана қоймай, еуропалық қоғамға жана серпіні, мәдениет пен еңбек әлеуетін әкеледі. Ал Еуропада білім алған жастардың бір бөлігі оқуын аяқтаған соң сол елдерде қалып, экономикаға тікелей үлес қоса бастайды.

Осылайша, Еуропаның шетелдік студенттерге ашықтығы демография, экономика және білім беру дипломатиясы тоғысқан прагматикалық саясатқа айналып отыр.

ТҮЙТКІЛ

24 ҚАҢТАР 2026 | СЕНБІ



Кейінгі кездері көпқабатты тұрғын үйлердегі жеделсатының қауіпсіздігі, сапасы назар аударта бастады. Өйткені лифтілердің құлағаны немесе ішіне адамдар қамалған жағдайлар жиі қайталануда. Тұрғындарға үздіксіз қызмет ететін, ұдайы қолданыста болатын құрылғылардың техникалық жағдайына қаншалықты мән беріліп жатыр?

А Олжас ЖОЛДЫБАЙ

Өткен жылдың кейінгі алты айында лифтіге байланысты бірнеше оқиға тіркелді. Астана қаласында тұрғын үй кешендерінің бірінде лифт үзіліп кетіп, салдарынан бір адам мерт болып, екі адам жарақат алса, жаңа жыл түні 11 адам лифтіге қамалып қалды. Ал Шымкентте 24 жастағы ер адам тұрғын үй кешеніндегі аяқталмаған лифт шахтасына құлап, жантәсілім етті. Дәл осындай жағдай Маңғыстау облысында да болып, Мұнайлы ауданындағы құрылыс нысандарының бірінде 20 жастағы жігіт тептендік сақтай алмай лифт шахтасына құлап, тіл тартпай кетті. ТЖМ мәліметінше, Қызылордада 2 ересек адам 3-4 қабат арасында қыстырылған лифтіден әзер құтқарылған. Бұл бізге белгілі ақпараттардың бір парасы ғана.

Жеделсатыдан келетін қиын жағдаяттар адам өміріне зиян тигізе бастағандығы қоғамды да, халық қалаулыларын да бей-жай қалдырмаса керек. Сенатор Бекбол Орынбасаров Үкімет басшысына бұл мәселе бойынша депутаттық сауал жолдаған болатын.

— Қазақстандағы лифтілерді пайдалану жағдайы күннен-күнге нашарлап келеді. Жергілікті атқарушы органдардың толық кадрлық жеткіліксіздігі, лифтілерге бақылауды формаль-

ЖЕДЕЛСАТЫ ЖАЙЫ АЛАҢДАТАДЫ

ды етуде: әкімдіктерде штат та, мамандар да, техникалық база да жоқ. Мысалы, Астанада тұрғын үй инспекциясында екі адам 10 430 лифтіні бақылайды және бір уақытта газ баллондарына да жауап береді, ал облыстардағы инспектор лифтілердің қауіпсіздік механизмі жөнінде тіпті минималды білімге де ие емес. 2013 жылы лифтілерге бақылауды жергілікті атқарушы органдарға беру өте қате шешім болды. Сол кезде Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігінің Өнеркәсіптік қауіпсіздік комитеті кәсіби бақылау функцияларын оңтайландыру деген желеумен әкімдіктерге берді. Жергілікті деңгейде бұл функциялар жай ғана басқа функциялармен сіңісіп кеткен, яғни штаттар қысқартылды, жауапкершілік мүлдем жойылды. Реттеу жүйесінің болмауы, мәселені одан әрі ушықтырып күшейте түсті. 2014 жылдан бастап лифтілерді қызмет көрсету лицензияланбайды, нарықта құрал-жабдықсыз, біліктіліксіз және рұқсатсыз компаниялар пайда болды. Мемлекеттік сатып алуларды ұтып алған компаниялардың жартысынан астамы лифтілерді қызмет көрсетуге құқығы да жоқ және бұл саланы факты бойынша «сұр нарыққа» айналдырған — делінген депутат сауалында.

Өңірлерде лифтілерді ауыстыру, күрделі жөндеу ісі Үкімет деңгейіндегі қолдаумен атқарылып жатқан көрінеді. Мәселен, Ақтөбе қаласы әкімдігі дерегінше, кейінгі 5 жылда 126 апаттық лифт ауыстырылса, өткен жылы Алматыда 100-ден астам жеделсаты күрделі жөндеуден өтіпті. Ал Қарағандыда кейінгі 6 жылда 120-ға жуық қана лифт жаңартылған. Биыл да бұл жұмыстар тоқтамақ емес. 2026 жылы Өскеменде 40-тан астам лифтіге жаңартылу көзделіп отыр. Яғни, әр өңір өз хал-

кадерінше бұл мәселені шешіп келген. Жеделсатының жедел қызмет ете алмай, техникалық сапасының нашарлап, осыған байланысты тұрғындар өтініші жыл сайын артып барады. Яғни, бұл түйткіл мемлекет деңгейінде қаралуы уақыт талабынан туындаған қажеттілік болып тұр.

Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігінің Өнеркәсіптік қауіпсіздік комитеті кәсіби бақылау функцияларын оңтайландыру деген желеумен әкімдіктерге берді. Жергілікті деңгейде бұл функциялар жай ғана басқа функциялармен сіңісіп кеткен, яғни штаттар қысқартылды, жауапкершілік мүлдем жойылды. Реттеу жүйесінің болмауы, мәселені одан әрі ушықтырып күшейте түсті. 2014 жылдан бастап лифтілерді қызмет көрсету лицензияланбайды, нарықта құрал-жабдықсыз, біліктіліксіз және рұқсатсыз компаниялар пайда болды. Мемлекеттік сатып алуларды ұтып алған компаниялардың жартысынан астамы лифтілерді қызмет көрсетуге құқығы да жоқ және бұл саланы факты бойынша «сұр нарыққа» айналдырған — делінген депутат сауалында.



Елдің тұрғын үй қорында 33 858 лифт жабдығы бар. Оның ішінде 4 144 лифт 25 жылдан астам пайдаланылып келеді. Ал 3 195 лифт техникалық қызмет көрсету аясында күрделі жөндеу жүргізуді талап етеді.

көпқабатты тұрғын үйлерге кіріп шығу оңай емес. Ақылы негіздегі карточкалық режим бұқараға тиімсіз екен. Ол оданша лифт қолданғаны үшін айына бірреттік төлем жасаған дұрыс деп есептейді.

— Астанада тұрып жатқандығымызға 10 жылдан асты. Бұған дейінгі үйімізде лифт ақылы болатын. Әр мініп-түскен сайын жеделсаты қолдану үшін ақылы негізде қолданысқа беріп қойған. Бірреттік карта қолданысы 10 теңге, ал берілген карта мерзімі мың теңгені құрайды. Яғни, 100 рет қолданылған. Бұл дегеніміз, күнделікті жұмысқа қатынаудан бөлек, дүкенге барып нан, сүт, қант алып қайту үшін өте тиімсіз. Оның үстіне туыстар қыдырып келсе, түсіп күтіп алу керек. Жалпы, пәтер иелерінің кооперативіне бұл мәселені айтсақ, лифт тұрақты жұмыс істеп тұру үшін бұдан басқа жол жоқ деп

сырғытпа жауап қайырады. Кейін қажеттілігімізге байланысты басқа тұрғын үй кешеніне көштік. Мұнда лифт қолданғандағы ақы айына бір рет, коммуналдық төлемдермен қосылып келеді. Тұрасын айтқанда, лифтіге арнайы карта қолданысын қойып, ақылы еткен отбасылы адамдар үшін өте тиімсіз. Одан да коммуналдық төлемдерге қосып, айына бір мәрте төлейтіндей еткен абзал деп білеміз, — деді елорда тұрғыны.

Қазақстан құрылысшылар қауымдастығынан тұрғын үй салған кездегі жеделсатының сапасы, қойылатын талаптары төнірегінде бірқатар мән-жайды білген едік. Төраға орынбасары Валерий Лакисовтың пайым-

дауынша, тұрғын үйді салған компаниямен лифт қолдану ортақ келісім арқылы іске асады.

— Жалпы, қалыптасқан құрылыс салу стандарты бар. Соның ішінде жеделсатыға қойылатын талаптар қарастырылған. Мәселен, 9 қабатқа дейінгі үйлерде бір жеделсаты, одан жоғары 16 қабатқа дейінгілерге екі жеделсаты, одан жоғары болса, қолданыс аясын ескеріп, қабаттың артуына байланысты жеделсаты салу көбірек

Үкімет дерегінше, пайдаланылғанына 25 жылдан асқан лифтілерді ауыстыру және жөндеу жол картасы әзірленеді. Бұл жайында Сенат депутатының сауалына Премьер-министр Олжас Бектеновтің жауабында айтылыпты. Енді бұл жұмыс Астана, Алматы, Шымкент және өңірдегі әкімдіктермен бірлесіп жүзеге асырылмақ. Сонымен қатар лифтілердің сапасын, қолдану мерзімін, техникалық қажеттіліктерін бақылайтын комиссия жұмыс істеп, Құрылыс және өнеркәсіп министрлігіне тиісті тапсырма жүктеліпті.

— Осыған байланысты, ӨҚМ-ге Астана, Алматы, Шымкент қалаларының және облыстардың әкімдіктерімен бірлесіп қаржыландыру мерзімдері мен көздерін көрсете отырып, авариялық және 25 жылдан астам пайдаланудағы лифтілерді ауыстыру және күрделі жөндеу бойынша жол карталарын әзірлеу және бекіту тапсырылды... Қауіпсіздікті қамтамасыз етудің негізгі факторларының бірі лифтілерді монтаждау, жөндеу және техникалық қызмет көрсету бойынша жұмыстардың сапасы болып табылады. Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы қолданыстағы заңнаманың нормаларына сәйкес лифтілерге қызмет көрсететін ұйымдар өнеркәсіптік қауіпсіздік саласында жұмыстар жүргізу құқығына міндетті түрде аттестатталады. Жалпы, лифтілердің қауіпсіздігі мәселесі Үкіметтің және жергілікті атқарушы органдардың бақылауында. Бұл бағыттағы жұмыстар жүйелі түрде жасалатын болады, — делінген Үкіметтің сенаторларға берген жауабында.

Үкімет дерегінше, енді бұдан былай лифтілерді тексеру, қадағалау, техникалық қауіпсіздік стандарттары мемлекеттік деңгейде бақыланып, лифт шығаратын, жөндейтін кәсіпорындарға лицензия беру қатаңдайтын түрі бар. Сонымен қатар әкімдіктер лифтіге байланысты барлық ақпаратты электронды форматқа көшіріп, тексеру жүргізіп отыру жағы қарастырылып жатыр. Сондай-ақ лифтілерге қызмет көрсетуді аттестатсыз немесе өнеркәсіптік қауіпсіздіктің белгіленген талаптарын бұза отырып жүзеге асырғаны үшін жауапкершілік шараларын күшейту мәселесін қарастыру тапсырылған көрінеді. Демек, жеделсатының тұрғындарға сапалы қызмет көрсету бағыты бойынша ілкімді істер жүзеге аспақ.

Токетері, елде 4 мыңнан астам жеделсаты өзінің жөндеуін күтіп отыр. Енді 25 жылдан асқан лифтілер кезең-кезеңімен ауыстырылады немесе күрделі жөндеу жұмыстарынан өтеді. Лифт қолданысына жауапты мекемелерге жауапкершілік қатаңдатылады. Қалада тұратын лифтіні ұдайы пайдаланатын адамдар үшін жеделсаты дер уақытында сапалы қызмет көрсетіп, қауіпсіз қолданыста болса, жұрттың бір шаруасы түгенделгені болар еді.



24 ҚАҢТАР 2026 | СЕНБІ



Руслан АКУН, режиссер:

БҮЛ – ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫНА ОРТАҚ КИНО

— «Пейіш. Жұмақ ананың табанының астында» фильмін түсіруге не түрткі болды? Бұл идея қалай туды?

— Алғашқы фильмнің идеясын бізге актерлеріміздің бірі Болот Тентимышов ұсынды. Идеясы маған бірден ұнады. Бірақ кино түсірілімі аяқталғаннан кейін бастапқы мазмұннан кішкене ауытқыды. Басында ішімдікке қатты салынған, жасы үлкен ер адам қандай да бір себеппен анасын аркалап алып жүреді де, сол сәтте сол адамның ішкі жан дүниесі өзгереді. Бірақ Меккеге жаяу апаратын идеясы өзгермеді. Маған осы жері ұнаған. Себебі бала кезімнен ата-бабаларымыздың бұрын атпен, жаяу жүріп қасиетті орынға барғаны туралы әңгімелерді көп еститінмін. Бұл тақырып мені әрдайым қызықтыратын. Сондықтан Болотпен сөйлескен кезде мен оған бірден: «Идея маған өте ұнайды, бірақ сценарийді өз көзқарасыммен толықтай қайта жазғым келеді. Басты кейіпкерді де мүлде басқа қырынан жасайын. Егер рұқсат берсең, осыны өзім жүзеге асырсам», — деп ұсыныс айттым. Біз бұған дейін де бірге жұмыс істеген едік, сондықтан ол: «Руслан, мен саған сенемін. Бұл идеяны бұзбайтынына күмөнім жоқ, қалай ойласан, солай жаса», — деді. Осылайша, біз бұл оқиғаны қайта жаздық

«Пейіш. Жұмақ ананың табанының астында» киносының әр сеансы Қазақстанда аншлаппен өтіп, миллиардтан аса касса жинаған еді. Бұл қырғыз елінің киносы болса да, жеті елде түсірілген. Фильмнің сәтті шығуына қазақстандық киногерлердің де үлесі бар. Режиссер Руслан Акун осылай дейді. Анасын Меккеге жаяу апаруға бел буған баланың әрекеті қоғамдық санаға әсер етпей қоймады. Жақында «Пейіш 2: Анама хат» аталатын фильмнің екінші маусымы жарыққа шығып, еліміздің бүкіл кинотеатрларында көрсетілімек. Осы орайда режиссер Руслан Акунмен сұхбаттасқан едік.

кейін басты кейіпкерлер сияқты киініп, көшеде арбамен жүргендер желіде көпшілікті сүйсінтсе, енді бірі велосипедпен Меккеге жолға шықты. Осындай қоғамдық әрекет қалыптасатынын білдініз бе?

— Біз тек анаға деген махаббатты еселеткіміз келді, көрерменнің көңілінен шықсақ деген ой болды. Фильмнен кейін анасын арбаға отырғызып жолға шыққан адамдар туралы естуім бар. Оларға жол бойы әркім көмектесіп отырған. Жолға шыққан ана мен балаға қатты уайымдадым, бірақ оларға қол ұшын созғандарға іштей риза болдым.

— «Пейіш. Жұмақ ананың табанының астында» киносын көзге жас алмай көру мүмкін емес. Бірнеше елде түсіру қиын болған шығар? Ең қиын әрі ұзақ сахна қай елдерде өтті?

— Фильмді жеті елде түсірдік. Ең қиыны — Сирияға қатысты

ның табанының астында» оқиға желісі ұнады. Ол тіпті: «Қымбаттырақ болса да, осы фильмді түсірейік, мен дәл осы оқиғаны экраннан көргім келеді», — деді. Себебі өзі анасыз өскен екен. Бәлкім, осы фильм арқылы ішкі сезімін, басынан өткенін экран арқылы қайта сезінгісі келген болар. Осылайша, жобаны қолдауға келісім берді. Бірінші маусымын жеті елде түсірдік дедім ғой, ал екінші бөлімін төрт елде түсірдік. Екі маусымында да танымал актерлер ойнайды.

— Фильмде әр елдің белгілі бір қалалары түсірілген. Сол локацияларды қалай таңдадыңыздар?

— Орталық Азиядағы түркі елдерінің табиғатын, сұлулығын көрсетуге тырыстық. Қырғызстандағы керемет таулы өлкеден бөлек, Қазақстанның Түркістан қаласына, Өзбекстанның Наманган қаласына барып түсірдік. Фильмнің басты мақсатының бірі — локацияларды Орталық Азияның визиттік карточкасына айналдыру еді. Және бұл фильм түркі халықтарына ортақ туынды болғанын қаладық. Сондықтан әр елдегі түсірілімге үлкен құрметпен, ерекше жауапкершілікпен қарадық. Көркемдік топ та аса мұқият жұмыс істеді: кадрдың әр бөлігі әдемі, тартымды, көрерменді баурап алатындай болуы үшін бар күшін салды.

— Қырғызстанның киноиндустриясы жайлы айтып беріңізші. Қазақ киноларын да көріп жүрсіз. Кино саласында қандай ұқсастықтарды байқадыңыз?

— Бүгінде қырғыз киноиндустриясы қарқынды дамып келеді. Мықты жеке студиялар, тұрақты жеке инвесторлар пайда бола бастады. Ең бастысы, жастар арасынан өте көп талант шығып жатыр. Осы орайда мынаны айтқым келеді: былтыр қазақстандық фильмдердің кассалық түсімі бұрынғымен салыстырғанда 50 пайыздан асты. Яғни, отандық фильмдер көрермен назарын алып, алдыңғы жылғы табыстың жартысынан көбін жинады. Бұл — өте үлкен көрсеткіш. Мұндай құбылыс қазір ТМД елдерінің ішінде тек Қазақстан мен Қырғызстанда ғана бар. Басқа бірде-бір елде әзірге отандық кино прокатта осындай басымдыққа ие болып отырған жоқ. Менің ойымша, бұл — мақтануға тұрарлық факт. Беларусьте де, Балтық елдерінде де, Өзбекстанда да, Тәжікстанда да отандық киноны Қазақстан мен Қырғызстандағыдай ұзақ уақыт бойы, тұрақты түрде әрі кең көлемде қолдап отырған жоқ. Ал бұл сенім бізге үлкен жауапкершілік жүктейді. Біз үнемі дамып, өсіп, өмірімізді жақсартатын, адамдар арасындағы қарым-қатынасты нығайтатын, достықты күшейтетін тарихтарды айтуымыз керек. Осы жауапкершілікті терең түсінуіміз қажет. Себебі біз жылдар бойы аз-аздан жинап келген жетістікті бір жылдың ішінде-ақ жоғалтып алуымыз мүмкін. Сондықтан бұл салада әрқашан байыпты жұмыс істеуіміз керек.

— Әңгімеңізге рақмет!

Сұхбаттасқан
Сымбат БАУЫРЖАНҚЫЗЫ

— Анаңыз фильмді көрді ме?

— Иә, көрді. Әдетте екі-үш рет қайтара көреді. Фильмнің жабық көрсетілімінде болып, қатты уайымдап отырды. Киноны көрмес бұрын да қайта-қайта көрермен қалай қабылдаған екен дей берді. Сөйтіп, бірінші көргенінде толқу мен уайым басым болды. Бірақ сәтті шыққанына қатты қуанып, қатты құшақтағаны әлі есімде.

— Ал кейіпкерлерді қалай таңдадыңыз? Меккеге дейінгі жолда кездескен әр елдің (Қазақстан, Өзбекстан, Түркия, Сирия) актерлерін де өзіңіз таңдадыңыз ба?

— Негізі «Пейіш» оңай түсірілмеді. Әр елде жеке командамен жұмыс істедік. Актерлерді өте ұзақ әрі мұқият таңдадық. Өйткені фильмде халықтарымыз арасындағы бірлік пен бауырластық рухын көрсету қажет болды. Шынын айтқанда, Қазақстандағы және Өзбекстандағы әріптестеріміздің көмегінсіз бұл фильмді түсіру мүмкін болмас еді. Себебі Қазақстанға келген кезде ешкімді танымайтын-



көріністерді түсіру болды. Сирия тақырыбы бойынша ұзақ іздендік, алғашында бұл жерде түсіреміз деген ой болмады. Әуелі Түркияда түсіруді ойладық, кейін Сирияның өзінде түсіру мүмкіндігін де қарастырдық. Бірақ ол жақ өте қауіпті болды. Сөйтіп, Мысырға тоқтадық. Мысырда өте үлкен кино павильондары бар екен, түсірілімді сол жерде жүргіздік. Түсірілім алаңында шамамен 300 адам жұмыс істеді. Бұл — тәжірибемде алғаш рет осыншама көп адам бір алаңда жұмыс істеген жағдай болды. Әрі тек аудармашылар арқылы ғана қарым-қатынаста боламыз. Сондықтан жұмыста аздап қысым сезіп, үлкен жауапкершілікті мойныма алдым. Киноның ең таңғаларлық тұсы — жоспардан тыс сахналардың болуы. Иә, локациялардың аяқасты таңдалуы, кейбір жоспардағы эпизодтардың қысқаруы болса да жақсы нәтижеге қол жеткіздік.

— Бұл фильмнің екі маусымы қалай қаржыландырылды? Жобаны түсіру қанша уақытқа созылды?

— Продюсерді ұзақ уақыт іздедік. Оған бірнеше сценарий айтып едік, ішінен «Пейіш. Жұмақ ана-

быз, ештеңені білмедік. Қазақстандағы продюсеріміз Саламат Исабаев, тағы басқа мамандар Түркістандағы түсірілімді ұйымдастыруға үлкен көмек көрсетті. Сол кезде Түркістанға алғаш рет бардым. Қала мені қатты таңғалдырды, шынымен де ерекше әсер алдым, өте қатты ұнады. Дайындыққа біраз уақыт кететін еді, қазақстандық әріптестеріміздің қолдауының арқасында бұл жұмысты сәтті атқара аяқтадық.

— Кино қоғамдық санаға қатты әсер етті ғой. Экранға шыққаннан



ТЫНЫС

24 ҚАҢТАР 2026 | СЕНБІ

Жас маман Дана Социалова – бүгінгі жастардың еңбек нарығындағы шынайы жағдайын көрсететін нақты мысал. Ол Орал қаласында оқып, былтыр филолог мамандығы бойынша диплом алған. Алайда Дана алған білім еңбек нарығында бірден тұрақты жұмысқа жол аша қоймаған.

Баян
ЖАНҰЗАҚОВА,
Атырау

Оқу бітіргеннен кейін екі ай өткен соң Дана Атыраудағы «Мансап» орталығына жүгінеді. Мұнда оған жастар практикасы аясында жұмыс істеу ұсынылады. Нәтижесінде, ол «Атырау – Ақпарат» ЖШС-на тәжірибеден өтіп, ай сайын 80-88 мың теңге көлемінде жалақы алады. Бес айдан кейін сол мекемеге тұрақты жұмысқа қабылданады.

«Жұмыс таба алмай жүрген жастарға «Мансап» орталығына баруға кеңес берер едім. Бұл – тәжірибе жинауға әрі өзіндік көрсетуге жақсы мүмкіндік», – дейді жас маман. Алайда Дананың жолы бола қойғанымен, бұл – барша түлектерге ортақ жағдай емес.



ДИПЛОМ БАР, ЖҰМЫС ЖОҚ

**КОЛЛЕДЖДЕР КАДР
ДАЯРЛАЙДЫ,
АЛ ЖҰМЫС ҚАЙДА?**

Атырау облысына жұмыс сапарымен келген Мәжіліс депутаты Ажар Сағындықованың колледж директорларымен кездесуі

колледж мамандары мен еңбек нарығындағы проблеманы көрсетті. Облыста бүгінде 24 колледж жұмыс істейді, онда 16 мыңға жуық студент білім алуда. Мемлекеттік гранттар бөлініп, оқу бағдарламалары жаңартылып жатқанымен, түлектердің басым

колледждерде бұл бағыттарға жеткілікті деңгейде кадр дайындалмайды. Керісінше, кей мамандықтар бойынша артық кадр қалыптасқан. Бұл ретте жергілікті атқарушы органдардың рөлі шешуші болуға тиіс. Алайда гранттар өңірге нақты қажет мамандықтарға емес, көбіне формальды түрде бөлінеді. Колледждер мен ірі кәсіпорындар арасындағы байланыс әлсіз. Соның салдарынан жұмыс берушіге қажет маман даярланбайды, ал жас түлек жұмыссыз қалады», – дейді депутат Ажар Сағындықова.

Кездесуде колледж оқытушыларының төмен жалақысы да көтерілді. Бұл – кадрлардың тұрақтамауына, тәжірибелі мамандардың басқа салаға кетуіне, соның салдарынан білім сапасының төмендеуіне әкеліп отыр. Ажар Сағындықова бұл мәселені салалық министрлік деңгейінде көтеруге уәде берді.

Колледж директорлары орта арнаулы және жоғары білім арасындағы теңсіздікке де назар аударды. ҰБТ-ны бірнеше рет тапсыру мүмкіндігі жастарды университетке ұмтылуға итермелейді. Нәтижесінде, колледждер талап-

атыраулық Нұрсұлтан Әлиев (аты-жөні өзгертілген). Ол колледжде логистика мамандығын бітіргенімен, бірнеше ай бойы жұмыс таба алмаған.

– Жұмыс берушілер тәжірибе сұрайды, ал бізге оны ешкім бермейді. Ақыры тәуекелге барып, шағын жүк тасымалдау қызметін аштым. Қазір өзіме де, өзгеге де жұмыс беріп отырмын, – дейді ол.

Атырау политехникалық жоғары колледжінің 4-курс студенті Райхан Жұмабайқызы «токарь – ерлерге ғана тән мамандық» деген түсінікті жоққа шығарып отыр. Ол колледжде оқи жүріп-ақ AtyrauOil Service компаниясында өндірістік тәжірибеден өтіп, бүгінде ЧПУ станоктарының операторы ретінде нақты өндірісте еңбек етіп жүр.

«Ісің жаныңа жақын болса, оқу да, жұмыс та қиын емес. Колледжде алған білімімнің арқасында қазір өз мамандығым бойынша жұмыс істеп жүрмін», – дейді Райхан. Жас маманның айтуынша, дуалды оқыту жүйесі студентке ерте бейімделіп, тәжірибе жинауға мүмкіндік береді.

Жыл басынан бері Атырау облысында 24 мыңнан астам жас «Мансап» орталығына жүгінген. Оның ішінде:

- 7 121 жас жұмыспен қамтылған;
- 4 мыңға жуық жас тұрақты жұмыс тапқан;
- 3 154 жас субсидияланатын жұмыс орындарына жіберілген;
- 114 жасқа 400 АЕК көлемінде қайтарымсыз грант берілген.

Бұл қолдаудың бар екенін көрсетеді. Алайда бұл шаралар жүйелі шешімге айнамай отыр.

Қорыта айтқанда, Атырауда өткен кездесу бір шындықты анық көрсетті: техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінде проблема көп, ал нақты шешім аз. Егер кадр даярлау еңбек нарығымен нақты үйлеспесе, колледждер қанша маман даярласа да, жұмыссыздық мәселесі шешілмейді.

Ендігі сұрақ – бұл түйткілдер кезекті жиынның хаттамасында қалып қоя ма, әлде нақты шешім қабылданып, жүйе түбегейлі өзгере ме?



Облыста бүгінде 24 колледж жұмыс істейді, онда 16 мыңға жуық студент білім алуда. Мемлекеттік гранттар бөлініп, оқу бағдарламалары жаңартылып жатқанымен, түлектердің басым бөлігі өз мамандығы бойынша жұмыс таба алмай жүр.

бөлігі өз мамандығы бойынша жұмыс таба алмай жүр.

Депутаттың айтуынша, басты проблема – кадр даярлау жүйесінің еңбек нарығынан алшақтауы. «Елде электрик, дәнекерлеуші, слесарь, сантехник, токарь, құрылысшы сияқты жұмысшы мамандықтарға сұраныс жоғары. Алайда

ғанымен, жұмыс берушілерді бұл процеске тартудың нақты тетігі әлі де жолға қойылмаған.

**«ЖҰМЫС ТАППАҒАН СОҢ
КӘСІП АШТЫМ»**

Мамандығы бойынша жұмыс таба алмаған жастардың бірі –

ХАБАРЛАНДЫРУ

Сатып алуды ұйымдастырушы: Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы №29В мекенжайда орналасқан Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті. (Университет) Телефон: +7(7253) 36-36-36, +7(7253) 36-36-62.

Сатып алудың әдісі: Университеттің «Сатып алу және сату» Регламентінің 23-бабының f-тармағы негізінде Университеттің 2025-2026 оқу жылында 22 білім беру бағдарламаларын аккредиттеулерді ұйымдастыру және өткізу үшін тәуелсіз халықаралық аккредиттеу агенттіктерден қызметін сатып алу.

Университеттің 2025-2026 оқу жылында 22 білім беру бағдарламасын аккредиттеулерді ұйымдастыру және өткізу.

Сатып алудың нысаны болып табылатын қызметтердің орындалу мерзімі: тараптар келісімшартқа қол қойған күннен бастап әлеуетті өнім беруші 30 күнтізбелік күн ішінде жеткізуге тиісті.

Сатып алуға қатысу шарттары: Сатып алуға қатысуға университеттің «Сатып алу және сату» Регламентінің 10-бабына сай баға ұсыныстарымен бірге төмендегі құжаттарды ұсынуларыңызды сұраймыз:

1. Әлеуетті өнім берушінің қаржылық жағдайы туралы банктен алған анықтамасы;
2. Сатып алу нысаны болып табылатын қызметтерді сатып алу саласындағы тәжірибесін растайтын құжаттары;
3. Әлеуетті өнім берушінің заң талаптарына сәйкес тиісті құзыретті органдарға тіркелуі туралы анықтама;

4. Әлеуетті өнім беруші ҚҚС төлеуші болса көрсетілетін қызметтер бойынша ұсынған баға ұсынысының ішінде ҚҚС қоса қарастыруы керек.

5. Әлеуетті өнім беруші баға ұсынысы жалпы сомасының 5 % көлемінде өтінімді қамтамасыз ету мақсатында ақшалай төлем жасалуы керек. (Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ мекемесі, БСН 990440008043, БСК HSBKKZKX, ЖСК KZ436010291000010707, Кбе-16, «Қазақстан Халық Банкі АҚ»). Төлем тапсырмасының түпнұсқасын ұсынуы шарт.

6. Конкурса қатысушы әлеуетті өнім берушінің «халықаралық мәртебесін (статус)» айқындайтын дәлелді құжаттары болуы шарт.

Сатып алынатын қызметтердің тізімі мен келісім шарт үлгісін <http://ayu.edu.kz/> сайтының хабарландыру парақшасынан немесе Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы №29В мекенжайда орналасқан Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Ректорат ғимараты, №203-кабинеттен алуға болады.

Комиссия отырысы болатын күні және уақыты: 02.02.2026 (12:00), №201-кабинет.

Сатып алуға өтінімді өткізу орны және уақыты:

Сатып алуға қатысуға баға ұсыныстары арнайы конвертке салынып, мөр басылып, хабарландыру жарияланған уақыттан бастап 7 күнтізбелік күн ішінде Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы №29В мекенжайда орналасқан Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Ректорат ғимараты, №203-кабинетте қабылданады.

ЦИФРЛЫ ӘЛЕМ

24 ҚАҢТАР 2026 | СЕНБІ

Қазір адамзат тағы бір ауқымды өзгеріс кезеңінің табалдырығында тұр. Ғылыми-техникалық прогресс бұрын-соңды болмаған қарқынмен дамып, күнделікті өмір салтымызды түбегейлі өзгертіп келеді. Осы жолғы цифрлы әлемімізде шынайы болмысты өзгерте бастаған тың технологияларға тоқталайық.

Әсет ҚАЛИ

Жер шарындағы халық саны жыл сайын артуда. Ал азық-түлікке деген сұраныс та соған сай көбейіп отыр. Мамандардың айтуынша, дәстүрлі ауыл шаруашылығы болашақта бұл қажеттілікті толық қамтамасыз ете алмауы мүмкін. Осыған байланысты адамзатты аштық қаупінен қорғауға бағытталған инновациялық технологиялар күн тәртібіне шықты.

3D-ТАҒАМ

3D-баспа технологиясы тағамды белгілі бір құрылыммен, пішінмен және құраммен әзірлейді. Мәселен, раушан гүлінің бүршігіне ұқсас макарон немесе сәбізден жасалған тағам басып шығаруға болады. Сонымен қатар ақуыз, май және көмірсу мөлшерін нақты бақылап, жеке тамақтану режимін ұстанатын адамдарға, соның ішінде спортшыларға да аса пайдалы екені дәлелденген.


Бұл технология тек асхана мен диеталық тағамдармен шектелмейді. Оның көмегімен бастапқыда жарамсыз көрінетін өнімдерден де тартымды ас әзірлеуге болады. Атап айтқанда, картоп қабығы, тұрпы қалған жемістер, балдырлар, жеміс-көкөніс сығындылары, тіпті жәндіктерді де тағам көзіне айналдырмақ. Ғалымдардың пікірінше, мұндай технологиялар жәндік азық-түлік тапшылығы мәселесін шешуге сеп болады. БҰҰ дерегіне сүйенсек, 2022 жылы әлемде шамамен 735 миллион адам аштықтан зардап шеккен.

ЖАСАНДЫ ЕТ

БҰҰ болжамына сәйкес, 2050 жылға қарай Жер халқының саны 9,5 миллиардтан асады. Барша адамзатты азық-түлікпен қамту үшін өндіріс көлемін кемінде 70 пайызға арттыру қажет. Алайда бұл экологияға айтарлықтай салмақ түсіреді. Осыны ескерген ғалымдар дәстүрлі сиыр, шошқа және тауық етін «жасанды етпен» алмастыруды ұсынып отыр.

Бұл ет зертханалық жағдайда Петри табакшаларында немесе арнайы контейнерлерде өсіріледі. Ол үшін жылдам көбейетін жасу-

БОЛАШАҚҚА БАСТАҒАН ТЕХНОЛОГИЯ



шалар, көбіне дің жасушалары пайдаланылады. Оларға тіндердің өсуін жеделдететін арнайы протеиндер енгізіледі. Кейін жасушалар биореакторға орналастырылып, қан тамырлары секілді қажетті қоректік заттармен қамтамасыз етіледі.

Бұл технологияның басты артықшылығы — өнім құрамын толық бақылауға мүмкіндік беруі. Мысалы, қаныққан май мөлшерін азайтып, омега-3 секілді пайдалы май қышқылдарымен байытуға болады.

**БИОТОНАЗЫТҚЫШ —
КЕЛЕШЕКТІҢ ЖАРҚЫН
БАСТАМАСЫ**

Ресейдегі Чуваш мемлекеттік университетінің түлегі Юрий Дмитриев болашақ тоназытқышының жобасын ұсынды. Bio Robot Refrigerator деп аталған құрылғы — бар болғаны мөлдір есігі ғана бар шағын шкаф. Оның ішкі бөлігі арнайы биополимерлі гельмен толтырылған. Бұл гель өнімдерге жабыспайды әрі олар-

дың сапасын бұзбайды. Гель ішінде қалқып тұрған ірімшік немесе алма бөліктері, бір қарағанда сюрреалистік көрініс береді.

Bio Robot Refrigerator көлемі ішіндегі өнім санына қарай өзгеріп отырады. Сонымен қатар құрылғы температураны автоматты түрде реттейді. Тағы бір ерекшелігі, оны кез келген жерге орналастыруға болады, тіпті төбеге бекітуге де мүмкіндік бар.

ҚАЛҚЫМАЛЫ ФЕРМАЛАР

Қазір ауыл шаруашылығы алқаптары құрлықтың 38 пайызын алып жатыр. Демек, болашақта азық-түлік өндіруге жарамды жер тапшылығы туындауы мүмкін. Осыған байланысты мамандар теңіздер мен мұхиттарды игеру мәселесіне назар аудара бастады.

Әлемдегі алғашқы қалқымалы ферма Нидерландта салынды. Болат пен әйнектен тұрғызылған үш қабатты платформада сиыр малы бағылады. Ферма экологиялық таза өндіріс қағидатына негізделген: электр энергиясы күн

панельдері арқылы өндіріледі. Мұндай фермалар өзге де қалаларда пайда болуы мүмкін. Бұл ауыл шаруашылығы жерлерінің көлемін кеңейтіп қана қоймай, өнімді тұтынушыға жеткізу уақытын қысқартуға мүмкіндік береді.

**МЕДИЦИНАДАҒЫ
ЖАҢА ӨНЕРТАБЫСТАР**

Иә, әлемде әр сала көз ілеспес жылдамдықпен дамып жатыр. Солардың бірі медицина саласын айтпасақ болмас. Медицина саласында экзоскелеттер деп аталатын мобильді механикалық құрылғылар қолданысқа еніп жатыр. Ол адамның тірек-қимыл жүйесінде

мен жүгіру кезіндегі энергия шығынын азайтатын, сондай-ақ аяққа түсетін шамадан тыс салмақтан қорғайтын экзоскелет прототипін жасап шығарды. Бұл технология, әсіресе, көп қозғалуға мәжбүр жандарға, курьерлер мен пошта қызметкерлеріне үлкен көмек болуы мүмкін. Сонымен қатар ауыр құралдарымен жұмыс істейтін адамдардың қолы мен иығын қолдайтын экзоскелеттер де бар.

ЦИФРЛЫҚ ЕГІЗДЕР

АҚШ-тың Q Bio компаниясы адам денсаулығының жай-күйін «цифрлық егіз», яғни виртуалды модель арқылы көрсететін Q Bio Gemini платформасын әзірледі. Бұл жүйе науқастың ағзасындағы өзгерістерді көрнекі түрде бейнелейді. Заманауи цифрлық технологияның арқасында тексеру нәтижелерін сақтап, оларды әлемнің кез келген нүктесінде отырған дәрігерге жолдауға болады.

Q Bio Gemini автономды QBio Mark I дене сканерінің негізінде жұмыс істейді. Сканерлеу үдерісі 15 минуттан аз уақыт алады және оны адам тұрған, отырған немесе жатқан күйде жүргізуге болады. Ең бастысы, бұл тексеру барысында адам компьютерлік томография-дағыдай сәулеленуге ұшырмайды әрі МРТ кезіндегідей жабық кеңістікте жатпайды.

**ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫ
БЕТПЕРДЕ**

Пандемия кезеңіндегі маска тағу тәртібі жеке қорғаныс құралдарын үнемі өзімізбен алып жүруге үйретті. Соның ішіндегі ең заманауи әрі жоғары технологиялық шешімдердің бірі — Project Hazel деп аталатын «ақылды» бетперде. Бұл құрылғы иесінің тыныс алу жиілігін өлшеп, шаң-тозаңнан, су тамшыларынан және түрлі аллергиямен сенімді қорғаныс ұсынады.

Бетпердеге орнатылған арнайы сенсор смартфондағы қосымшамен синхрондалады. Қосымшада Project Hazel сүзгісіне түскен зиянды бөлшектер туралы, масканы пайдалану ұзақтығы мен минутына жасалған тыныс алу саны жөнінде толық ақпарат көрсетіледі. Сонымен қатар жүйе пайдаланушыға нақты ұсыныстар береді. Мәселен, бетпердені тағып жүруді жалғастыру қажет пе әлде ауа жеткілікті деңгейде таза болып, денсаулыққа қауіп төндірмей тыныстауға бола ма деген сынды ақылын айтып отырады.

Project Hazel қуаттауға қойылған кезде ультракүлгін стерилизация жүйесін іске қосып, бетперде бетіне жиналған вирустар мен бактерияларды жояды. Ал заманауи құрылғының тағы бір артықшылығы — кіріктірілген микрофон. Оның көмегімен масканы шешпей-ақ еркін сөйлесуге мүмкіндік бар.



БҰҰ болжамына сәйкес, 2050 жылға қарай Жер халқының саны 9,5 миллиардтан асады. Барша адамзатты азық-түлікпен қамту үшін өндіріс көлемін кемінде 70 пайызға арттыру қажет. Алайда бұл экологияға айтарлықтай салмақ түсіреді.

жоғалған функцияларды қалпына келтіруге арналған. Сонымен қатар олар бұлшық ет күшін арттырып, қозғалыс ауқымын кеңейтуге мүмкіндік береді. Бүгінде экзоскелеттер медициналық оңалтудан бастап, өнеркәсіптік өндіріс салаларына дейін кеңінен қолданылып келеді.

Мұндай құрылғылардың салмағы шамамен 20 келі болады. Алайда автоматтандырылған жүйенің арқасында адам оның ауырлығын сезінбейді.

2020 жылы Стэнфорд университетінің ғалымдары жылдам жүру

**AIQYN**

Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

Директор –
Талғат ЕШЕНҰЛЫБас редактор –
Амангелді ҚҰРМЕТГүлзина БЕКТАС –
Бас редактордың
бірінші орынбасарыМадияр ТӨЛЕУ –
Шығарушы редакторЕлдар ҚАБА –
Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Алматы АЛТЫНСАЙЛЫ –
Ақмола облысы
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ –
Алматы қаласы
Саятхан САТЫЛҒАН –
Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ –
Қарағанды облысы
Назғұл НАЗАРБЕК –
Шымкент қаласы
Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА –
Батыс Қазақстан облысы
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ –
Қызылорда облысы
Баян ЖАНҰЗАҚ –
Атырау облысы

**«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:**

Кәсіпорындар,
мекемелер үшін – 15102
Зейнеткерлер,
соғыс ардагерлері үшін – 55102
Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklama.aikyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(771) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның» компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4693
Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілеті көшесі 30,
тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ
Мұқанов көшесі, 223 В
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,
Әлімқұлов көшесі 22,
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

010000, Астана қаласы, Қонаев көшесі, 12/1
Байланыс телефоны: Астана қ. (7172) 72-95-46
e-mail: aikyngazeti@gmail.com, aikyn_nurmedia@mail.ru

• Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.
• Авторлар қолжазбасы өңделмейді және кері қайтарылмайды.
• Көлемі үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
• «Айқын» жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның
жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті.

Кезекші редакторлар –
Айгүл СЕЙІЛ,
Айсұлу СЫЗХАН